БЕЙСЕНБІ
№53 (4447)
16.05.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАЗАҚСТАН-ГЕРМАНИЯ:
ИНВЕСТИЦИЯ РЕКОРДТЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзерді қабылдады.

Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы және CLAAS Group компаниясы байқаушылар кеңесінің төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзер екіжақты экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның Еуропа Одағындағы стратегиялық серіктесі саналады. Сауда-экономикалық қатынастар қарқынды дамып келеді. Сондай-ақ неміс бизнесі Қазақстандағы үлесін кеңейтуге қызығушылық танытып отыр.

Президент былтыр Қазақстанға Германиядан тартылған тікелей инвестиция көлемі 64 пайызға өсіп, 770 миллион долларға жеткенін атап өтті. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Кездесуде ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселесіне де ерекше назар аударылды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құру жөнінде ұсыныс айтқанын еске салды. Президенттің пікірінше, бұл орталық еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша толық пайдалануға, инновациялық технологияларды енгізуге және оларды коммерцияландыруға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның аграрлық әлеуетін дамытуға CLAAS зауытының қосқан үлесін жоғары бағалады.

ТЕРРОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТІ ҚАТАҢ АЙЫПТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Словакия Премьер-министрі Роберт Фицоға қастандық жасалуына байланысты бұл террорлық әрекетті қатаң айыптайтынын және мұндай қараулықты мүлде ақтауға болмайтынын мәлімдеді.

Қазақстан мен Словакияны ұзақ жылғы достық пен өзара тиімді ынтымақтастық қатынастар байланыстырады. Бұл ығылықты істе Премьер-министр Роберт Фицо елеулі рөл атқарды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Фицоның тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ОҢТАЙЛЫ ТЕТІККЕ АЙНАЛМАҚ

Кеше Мәжілістің Жалпы отырысында депутаттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» және оған ілеспе заң жобаларын, сондай-ақ «Жол жүрісі туралы» заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жүруін ұйымдастыру мен жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді екінші оқылымда қабылдады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның жаңа редакциясы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаев баяндама жасады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен депутаттар заңда атқарушы органмен бірлесіп, отандық жеткізушілерді қолдау және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру шарттарын белгіледі. Өзгерістердің бірі – нысанды салу және пайдалануға беру бойынша кешенді жұмыстарды қамтитын – EPC келісімшарттарын енгізу. Сондай-ақ бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізі ретінде отандық тауар өндірушілермен жасалған офтейк-келісімшарттарын анықтау ұсынылады.

«Екінші оқылымға дайындық барысында мемлекеттік сатып алу бойынша шағымдану рәсімдері, өнім берушілердің жауапкершілігі, сондай-ақ бір көзден сатып алу тәсіліне қатысты қағидалар нақтыланды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жеңілдету мақсатымен шағымды ұйымдастырушы қарайды. Оның шешіміне әкімшілік іс жүргізу аясында шағым түсіру мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтатпайды», – деді Руслан Қожасбаев.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАМБЫЛДА ЖАРҚЫН ЖОБА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

7 БЕТ

Осыдан екі жыл бұрын Жамбыл облысында «Әулиеата жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы іске қосылған болатын. Жаңа жоба жастарды баспанамен қамтуға бағытталды. Бастапқыда бағдарламаның болашағына күмәнмен қарағандар көп болса, бүгінде жоба өз өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Алайда биыл бағдарламаға қаржы қаралмайтыны айтылып, жастардың үміті үзілгендей болған. Бірақ күні кеше ақжолтай хабар жетіп, жобаның бойына қайта қан жүгірді. Биыл үміткерлерді қандай өзгерістер мен талаптар күтіп тұр. Зер салып, зерделеп көрсек...

ДОМБЫРА ДЕГЕНДЕ ҚАЗАҚ ЕСКЕ ТҮСУІ КЕРЕК

8 БЕТ

Алматылық Айбек Серікұлы – шетелдік хит әндердің мақамын домбыра нотасына түсіріп, өзге халықтың таңданысын тудырып жүрген нағыз талант иесі. ТикТок желісінде MUZBANDa никнеймімен ашылған парақшада көбіне Еуропа, ТМД елдеріне тән әндерге түсірілген туторлар жарияланады.

СУ САЛАСЫНДА КАДР ТАПШЫ МА, ҚАДІР ТАПШЫ МА?

Былтыр еліміздің бірқатар өңірінде қуаңшылық болып, Жамбыл облысының алты ауданында төтенше жағдай жарияланса, биыл еліміздің батыс және солтүстік өңірлерін қарғын су алды. Он облысқа топан су жайылды. Елімізде су тасқыны қаупі әлі де сақталып отыр. Тасқыннан бүлінген үйлердің шығыны келесі аптада белгілі болмақ. Қазіргі ақпаратқа сәйкес, елімізде 13 мыңға жуық үйді су басқан. Ал Ақтөбе облысында 2 елді мекен әлі көлік қатынасынсыз отыр. Үш өңірде індеттен қырылған мал көмілген 10 жерді су басқан болатын. Қазір тиісті қызметтер жергілікті жерлерде жедел дезинфекциялық іс-шараларды жүргізіп жатыр. Президент су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеуінде: «Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайды қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет», – деді. Мемлекет басшысы атап өткен су шаруашылығы мамандарының тапшылығы бүгінде өзектілігін көрсетті.

Былтырғы қыркүйекте ғана құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігіне үлкен жүк артылып отыр. Министрлік жасақтала салысымен Қазақстанда 2023–2029 жылдарға арналған су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге кірісіп кетті. Ол жерде де білікті мамандардың тапшы екені айтылған. Құжатта су шаруашылығы бойынша жылына бар болғаны 200 маман жоғары оқу орнын бітіретіні, 100 түлек орта техникалық білім алып шығатыны, сонда түлектердің 22 пайызы ғана мамандығы бойынша жұмысқа орналасатыны көрсетілген. Бұған да сарапшылар көптеген жоғары оқу орнында оқыту тек «су ресурстары және суды пайдалану» бойынша жүргізілетінін, бірақ мұндай маңызды салаға «гидромелиорация», «өзен құрылыстары мен су электр стансаларының гидротехникалық құрылысы», «суару жұмыстарын механикаландыру», «су шаруашылығындағы экономика», «гидрогеология және инженерлік геология», «сумен жабдықтау және су бұру» және «жердегі гидрология» сияқты мамандар қажеттігі көтерілген екен.

КЕҢЕС ЗАМАНЫНАН ДА КЕРІ КЕТТІК ПЕ?

Тұжырымдамада су шаруашылығы саласын бітірген инженерлердің дайындығы 1990 жылдардағы мамандарға қарағанда әлсіз екені айтылған. Көптеген жоғары оқу орнында оқыту тек «су ресурстары және суды пайдалану» бойынша жүргізіледі. Кеңес дәуірінде гидрология мамандығына небәрі 25 адам қабылданса, арасынан 12-15 адам бітіріп шыққанын, бұл ел игілігіне жеткілікті болғанын және барлық түлек жұмысқа орналасқанын айтады. Олар көбіне «Қазгидромет» гидрометеорологиялық қызметінде немесе «Қазгипроводхоз» ғылыми институтында жұмыс істеген.

(Жалғасы 5-бетте)

ӨНЕРДЕ ШЕКАРА ЖОҚ

Елордадағы «Жастар» театрында SENSITIVE өнер ұжымы Александр Гриннің әйгілі «Алые паруса» повесінің желісі бойынша әзірленген «Рассекая волны» атты пластикалық перформансты көпшіліктің назарына ұсынды. Есту қабілеттері төмен өнерпаздар сахналаған қойылым көрермендерді ертегілер әлеміне жетелеп, өмірдің философиялық мәніне терең үңілуді және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа жаңаша көзқараспен қарауды үндейді.

Спектакльге Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ сенатор арнайы барды. Палата Спикері театр әртістерінің шеберлігін жоғары бағалап, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды ортаға бейімдеуде және оларды оңалтуда өнердің атқаратын рөлі зор екенін айтты. Сондай-ақ ол елімізде аталған санаттағы адамдарды қолдауға ең жоғары деңгейде баса мән беріліп, бұл бағытта кешенді және жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар Сенат Спикері өздерінің қажыр-қайратымен барша көрерменді жігерлендіріп жүрген SENSITIVE би ансамблінің ұжымына және жобаның көркемдік жетекшісі, талантты жастардың дарынын шыңдап, оларды жаңа жетістіктерге жетелеп келе жатқан Ольга Ростовщиковаға алғыс білдірді.

Айта кетейік, SENSITIVE театры осыдан 18 жыл бұрын Петропавл қаласындағы есту қабілеті төмен балаларға арналған мектеп-интернаттың базасында құрылған. Қазір елімізбен бірге бірқатар шет мемлекетте де аты мәлім бұл өнер ұжымы көптеген халықаралық байқау мен фестивальдың лауреаты.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ДАЙЫНДЫҚ ЖАҚСЫ, НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

Еліміздің орталығы мен солтүстігі және шығыс өңірлері 15 қыркүйекке дейін жылу маусымына сақадай сай болуы тиіс. Ал қалған облыстарға берілген соңғы мерзім – 15 қазан. 10 мамырда өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов осылай деп шегелеп тапсырды.

Бауыржан БАЗАР

«Қыс шанаңды жаз сайла» дейді халқымыз. Ел Үкіметі қысқа әзірлікті жазға жеткізбей бастап кетті. Өйткені республикадағы жылыту жүйелерінің жағдайы мәз емес. Жыл өткен сайын ескіре түскен жылу көздерінде технологиялық ақау жиілеп, қыс ішінде тұрғындарды әбігерге салатын болған. Осыған байланысты Үкімет басшысы министрлер кабинетінің алдына бірқатар міндет қойды.

«Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы алдымен апатты жағдайда тұрған 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауды тапсырды. Энергетика министрлігі әр объект бойынша маған апта сайын баяндап отыруға тиіс. Бекітілген мерзімдерді өзгертуге болмайды. Қыс бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге мәжбүр болған Кентау мен Степногорскідегі және МАЭК пен «Топар» ГРЭС-індегі сияқты күрделі жағдайға жеткізбеу қажет. Жаз айларында күшейтілген режимде жұмыс істеу керек. Егер жұмыстар мерзімінде аяқталмай, сапасы төмендеп кететін болса, онда меншік иелерімен қатар, әкімдіктерге қатысты да шаралар қабылданатын болады», – деп ескертті О.Бектенов.

Премьер мысалға келтірген төрт нысандағы жұмыс расымен де созбаққа салынған. Мысалға, Ақтаудағы МАЭК-ның №2 энергетикалық блогындағы жөндеу жұмысы қаңтарда аяқталуы тиіс болған, мерзімі мамырға ысырылды.

«Топар» ГРЭС-індегі қазандыққа да күрделі жөндеу 2023 жылдың 31 желтоқсанда бітуі тиіс еді, маусымға қалып отыр. Кентаудағы №8,11 қазандықтар да былтырғы қарашада аяқталуы керек болған. Степногорскі қаласының қазандық агрегатының ағымдық жөндеу жұмысы да келесі айға қалған.

Осы кемшіліктерді қатаң түрде ескерткен Үкімет басшысы отырыста Өнеркәсіп, Энергетика министрліктері мен өңір әкімдіктеріне барлық жылу көздерін отынмен уақытылы қамтамасыз етуді тапсырды. Қазірден бастап коммуналдық-тұрмыстық көмір қорын жинақтап алу керек.

Еске сала кетейік, былтыр желтоқсан айының басындағы қатты аязда Екібастұз, Балқаш, Степногорск, Ақтау, Теміртау, Көкшетау, Риддер қалаларында коммуналдық шаруашылық қызметтерінен ақау шығып, жылу, су құбырлары кезегімен жарылған-ды. Қақаған аязда тұрғындарды жылусыз қалдырған оқиғадан кейін сол кездегі Үкімет Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағамбетовті қызметінен босатқан. Алайда орынбасар орнынан кеткенімен, жылу жүйесіндегі проблема өз күшінде қалды. Бүгінгі күні Қазақстанда 37 ЖЭО жұмыс істеп тұрғанымен, оның 19-ы апатты жағдайда.

Дегенмен жылу көздерін сапалы әрі уақытылы жөндеу үшін Үкімет тарапынан қажетті қолдау көрсетіліп жатыр. Премьер-Министр Кентау, Риддер және Қызылорда қалаларындағы жылу көздерін жаңғыртуға резервтен 16 млрд теңге бөлу туралы қаулыға қол қойды. Сондай-ақ Көкшетаудағы жылу қазандықтарын жөндеуге 816 млн теңге бөлінді. Қалған өтінімдер бойынша жұмыс жақын арада аяқталмақ. Ендігі міндет – жергілікті жерлердегі жұмысқа күшейтілген бақылау жасау. «Жөндеу жұмыстарында қауіптер бар. Жергілікті жерлерде барлық әкімдердің жұмысын көріп отырмыз. Әкімдер, сіздерге айтарым: жылыту маусымы бойынша штаб жұмыстарына атүсті қарауды доғарыңыздар. Объектілерге өздеріңіз шығып, жөндеу жұмыстарының барысын тікелей бақылауға алу керек. Мен өңірлерге сапарым кезінде Президент тапсырмаларының орындалуын тікелей өзім тексеретін боламын», – деген Олжас Бектенов бұл жұмысқа бақылау жүргізуді тікелей өзі қадағалайтынын байқатты.

Шынында да, биылғы қыс Бектенов басқаратын министрлер кабинеті үшін кезекті сынаққа айналғалы тұр. Жылу маусымына дайындықты арнайы Үкімет отырысында пысықтап алған Олжас Абайұлы, тексерісті бастап кетті. 15 мамырда Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Көкшетау қаласының №2 аудандық қазандығына арнайы барып жай-күйімен танысты.

Бүгінде қаладағы жылу желілерінің тозу деңгейі 43%-ды құрайды. Биылғы жоспарланған жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін көрсеткішті 41%-ға дейін төмендетуі тиіс. Облыс орталығын жылумен қамтамасыз етіп отырған 4 қазандықтың екеуін (№1,№2) жөндеуге резервтен 816 млн теңге бөлінді. Одан бөлек, қаланың жылу және электр энергиясына деген қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ЖЭО салу жобасы пысықталып жатыр. Оның жылу қуаты сағатына 520 Гкал, электр қуаты 240 МВт-ты құрайтын болады.

Үкімет отырысында Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевтің, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың, сондай-ақ инфрақұрылымның тозу деңгейі жоғары бірқатар облыстың әкімдерінің баяндамалары тыңдалды. Ресми дерекке сәйкес, еліміздегі жалпы ұзындығы 13 мың шақырым жылумен жабдықтау желілерінің орташа тозуы – 53%, шамамен 7 мың шақырымын ауыстыру қажет. Әсіресе, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау және Қарағанды облыстарында жылу желілерінің тозу көрсеткіші жоғары. Үкіметтің алдында 2030 жылға қарай тозған жылу желілерін 43%-ға дейін төмендету міндеті тұр. Биыл жылумен жабдықтау желілерінің 221 шақырымын жөндеу жоспарланып отыр.

Осы мәселелерді ескере келе, Үкімет энергетикалық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қосымша өзгертулер енгізген «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде биылдың өзінде қолданыстағы стансаларды жөндеу мен жаңғыртуға шамамен 327 млрд теңге тарту жоспарланып отыр. «Қаржы бірінші кезекте әбден тозығы жеткен объектілер мен желілерді жөндеуге жұмсалуға тиіс. Энергетика, Өнеркәсіп министрліктері мен әкімдіктерге қуат көздеріндегі, жылу және электр желілеріндегі жағдайға мұқият талдау жүргізіп, қосымша жөндеу жұмыстарының көлемін айқындауды тапсырамын. Бұл ретте республикалық, жергілікті бюджеттерден және инвестициялық бағдарламалар аясында қаржыландырудың тепе-теңдігін қамтамасыз ету қажет», – деп тапсырма берді О.Бектенов.

Жалпы, биыл бекітілген кестеге сәйкес, электр стансаларында 10 энергоблокты, 55 қазандықты және 45 турбинаны жөндеу жоспарланған. Қазіргі сәтте 2 энергоблокта, 12 қазандықта және 2 турбинада жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ

Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина «Әйелдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелеріндегі өңірлік тәсіл» атты әйелдердің Азия форумына қатысты.

Шараға қатысушылар Бейжің іс-қимыл тұғырнамасын іске асыру, сондай-ақ әйелдердің қазіргі жаһандық экономика жағдайындағы экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелерін талқылады.

Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина форумда сөйлеген сөзінде еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтардың бірі – гендерлік теңдік, әйелдердің қоғамдық-саяси және экономикалық өмірге қатысу деңгейін арттыру екенін атап өтті.

«Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту кез келген мемлекеттің дамуындағы негізгі мәселе және орнықты болашақ қалыптастырудың кілті болып табылады. Тұрақты экономикалық өсуді жеделдету және қоғамдық әл-ауқатты барлық деңгейде жақсарту үшін әйелдердің экономикалық мәртебесін көтеру аса маңызды. Сондықтан Қазақстан әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды күшейтуде белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстандағы жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің 47%-ын әйелдер басқарады. Олардың әлеуетін сапалы тұрғыда күшейту үшін Азия Даму банкімен және БҰҰ Даму бағдарламасымен ынтымақтаса отырып, еліміздің барлық өңірлерінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары іске қосылды», – деді Ольга Перепечина.

Сенат Төрағасының орынбасары сонымен қатар Пекин тұғырнамасы үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың және азаматтық қоғамның күш-жігерін жұмылдыру арқылы жыныстық кемсітудің барлық түрін жоюға бағытталған қуатты тетікке айналғанын атап өтті. Күш-жігерді біріктіру мен елдер арасындағы әрекеттерді үйлестіру гендерлік теңдік бағдарламасын одан әрі ілгерілетуге елеулі түрде және ұзақ мерзімге оң ықпал ете алады.

Сенат Төрағасының орынбасары Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен де кездесті. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты дамыту, өнеркәсіп кооперациясы, көлік байланысы саласындағы байланыстарды нығайту, инфрақұрылымдық және сауда кедергілерін жою мәселелерін талқылады.

Ольга Перепечина сондай-ақ Қатар Шура Кеңесі Төрағасының орынбасары Хамда бинт Хасан Аль Сулайтимен кездесті. Кездесуге қатысушылар екі елдің парламенттері арасындағы өзара іс-қимылдың келешегін, сондай-ақ әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюдағы өңірлік мәселелерді талқылады.

ОРТАША ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Биылғы I тоқсандағы жағдай бойынша елімізде айлық жалақының орташа мөлшері 382 279 теңге болды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда көрсеткіш өскен. Нақтырақ айтқанда, атаулы мәнде – 12,3 пайызға, нақты мәнде 2,7 пайызға артқан.

Осылайша, жалақының медианалық мәні (жалақы қатарының орталық деңгейі) бағалау бойынша 251 997 теңгені құрады.

Өңірлік бөліністе 2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2024 жылдың I тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Батыс Қазақстан облысында – 18,2%-ға, Алматы қаласында – 16,4%-ға, Ақтөбе облысында – 16,1%-ға, Павлодар облысында 15,9% байқалды.

Жалақының орташа мөлшері бір қызметкер жалақысының қосымша ақыларының, үстемеақыларының, сыйақыларының, салықтарының және зейнетақы аударымдарының барлық түрлерін ескере отырып көрсетіледі. Ол жалақы қорының сомасын кәсіпорындардағы қызметкерлердің нақты санына бөлу арқылы есептеледі.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ОҢТАЙЛЫ ТЕТІККЕ АЙНАЛМАҚ

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Депутат жеткізушілердің мерзімін өткізіп алғаны және сапасыз жұмыс істегені үшін жауапкершілікті күшейту мақсатымен оларды жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу, айыппұл өндіру, сондай-ақ тұтынушыларға осындай жеткізушілермен шартты мерзімінен бұрын бұзу мүмкіндігін беру ұсынылып отырғанын айтты. Сонымен қатар бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шарт жасасу жөнінде шешім қабылдаған мемлекеттік орган басшысының (тапсырыс берушінің) дербес жауапкершілігі белгіленеді. Мұнда «баға – сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің сапасы» қағидасы жұмыс істейтін болады. Ал ауыл әкімдіктерінің тиімділігі мен дербестігін арттыру үшін бір көзден алу тәсілімен біртекті тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алудың шекті мөлшері 3 мыңнан 4 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Бұдан басқа да өзгерістер қамтылған. Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды ілеспе түзетулерімен қабылдап, Сенаттың қарауына жолдады. Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов қабылданған құжатта Мемлекет басшысы алға қойған барлық міндет ескерілгенін, бірақ мұнымен тоқтап қалмау қажеттігін атап өтті.

«Жақында Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданғанын білесіздер. Енді тиісті комитет мемлекеттік органдармен бірлесіп, заңнамалардың Жарлық нормаларына сәйкестігін тексеруі қажет. Бұл мемлекеттік сатып алу саласына да қатысты. Ең алдымен, мемлекеттік сатып алуды өткізу кезіндегі «сары беттер» (жеке меншікті қолдау) қағидаттарын сақтауға және басқа да салалық заңнамалық актілерге қатысы бар. Болашақта бизнес қатыса алатын және қатысуға тиіс салаларға мемлекеттің араласуын азайтуымыз керек. Жалпы жұмысты Президент Жарлығы аясында жалғастырып, қажет болған жағдайда депутаттар тиісті заң жобаларын қабылдауға бастамашылық етуі қажет», – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс отырысы барысында «Жол жүрісі туралы» заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске көлік құралдарының жекелеген түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева түзетулерге заң қабылданған күннен бастап алты ай өткен соң мопедтерді мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ «А», «В», «С» санаты бар жүргізушілерге «А1» санатындағы куәліктерді (мопедтерді басқару үшін) автоматты түрде беру енгізілгенін айтты. Көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізетін ұйымдарға қойылатын талаптар да қайта қаралды. Олардың жұмысын реттеу лицензиялау рәсімі арқылы жүргізіледі. Қозғалтқышы бар велосипед ұғымы да нақтыланып, жаяу жүргіншілер жолдары мен тротуарларда жүруге тыйым салынады. Ең жоғары жылдамдықпен қатар республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында орташа жылдамдық ұғымы да енгізіледі.

«Көлік құралының габариттері мен салмағына қатысты жолдардағы бұзушылықтарды цифрлық жүйелер арқылы автоматты түрде тіркеу тәртібі өзгереді. Жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігі мен көлік жүргізушілерін оқытуға бірқатар қосымша талап енгізіледі. Заңды жетілдіріп, мазмұнын толықтыру үшін осы және басқа да ұсыныстар қамтылды», – деді Екатерина Смышляева.

Мәжіліс Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы «Қарасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері ауданында индустриялық сауда-логистикалық кешен құру және қызметін реттеу туралы үкіметаралық келісімді ратификациялады. Бұл туралы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Қайрат Төребаев баяндады. Жұмыс тобының жетекшісі Мақсат Толықбаев кешен Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттерінің шекаралас аумақтарындағы «Қарасу – автожол» (Қазақстан) және «Ақ-тілек – автожол» (Қырғызстан) өткізу пункттерінің жанындағы Қазақстан және Қырғызстан бөліктерінен тұратынын атап өтті.

«Келісім екі мемлекет арасындағы сауда-логистика саласында бизнес жүргізу шарттарын жақсартады және екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді. Келісім 25 жыл мерзімге жасалады және автоматты түрде бес жылға ұзартылады», – деді М.Толықбаев.

Сонымен қатар палата комитеттері Жоғарғы аудиторлық палата мен Үкіметтің 2023 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерінің жобаларын, сондай-ақ бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында зияткерлік меншік, тауарлардың шығарылған елін анықтау мәселелері бойынша және ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив істері салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін жою мәселелері туралы заң жобалары бар. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік пойыздарды дамыту жөніндегі Қазақстан-Қытай үкіметаралық келісімдерін ратификациялау және Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары да Мәжіліске енгізілді.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 16 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі, депутат Елнұр Бейсенбаев Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға жолдаған депутаттық сауалында балалардың құқықтарының қорғалу жаын, соның ішінде балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудағы олқылықтарды көтерді. Мысалы, былтыр Алматы облысының Ұзынағаш ауылында балалар лагерін саунада ұйымдастырған оқиға қоғамда үлкен шу туғызып, соңы сотқа ұласып, жуырда кінәлілер бас бостандығынан айырылған болатын. Сол сияқты Бас прокуратура 2023 жылы тамызда Алматы облысында уәкілетті органның рұқсатынсыз жұмыс істеген 8 балалар лагерін анықтаған. Оларда санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі нормалары мүлдем сақталмаған. Спорт және ойын алаңдары қауіпсіздік талаптарына сай емес. Елімізде мұндай мысалдар жетерлік. Сондықтан да ондай орындарды ескертусіз тексеріп, талапты сақтамағандарға нақты шара қолдану керек. Балалардың биылғы жазғы демалысын сапалы ұйымдастыруға жете мән берген жөн.

«Бас прокуратураның мәліметінше, 2023 жылы елімізде 848 лагерь жұмыс істеген. Оның ішінде 118 – мемлекеттік, 100 – жеке, 630 – палаткадағы лагерлер. Ендеше балалардың жазғы демалысына қатысты келеңсіздердің алдын алу үшін тез арада келесі шараларды қолға алуды ұсынамын. Біріншіден, су баспаған өңірлердің әкімдіктері су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің балаларына жазғы сауықтыру орталықтарынан орын бөлуді қарастырғаны жөн. Екінші, еліміздегі бүкіл жазғы балалар лагерлері, сауықтыру орталықтары мен демалыс орындары қауіпсіздігі, тазалығы, өрт және санитариялық-гигиеналық жағдайы, демалатын орындары, туристік маршруттарының қауіпсіздігі, құтқару құралдары мен жабдықтарының болуы бойынша толықтай тексеруден өткізілуі қажет. Үшінші, жазғы балалар сауықтыру орталықтары психолог мамандармен, суға шомылушылардың қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаушылармен қамтамасыз етілуі керек. Төртіншіден, мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу кезінде әлеуметтік, эмоционалдық, ментальдық, тілдік, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктері бар балаларға инклюзивтік білім беру талаптарын орындау көзделге тиіс», – деді ол.

Фракция депутаттары көтерген келесі мәселелер бизнеске көрсетіліп жатқан қысым туралы болды. 8 мамыр күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» маңызды Жарлыққа қол қойған еді. Қазақстандық кәсіпкерлер көптен күткен бұл құжатты «AMANAT» партиясы толықтай қолдайды. Қадағалаудан тыс монополия, ресурстарға қол жеткізудегі алалаушылық, бәсекелестіктің әділетсіз әдістері – өткен күннің еншісінде қалуға тиіс! Бизнеске кез келген негізсіз қысымды тоқтатып, әлі де болса кездесетін көптеген әкімшілік кедергілерді жою қажет. «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасы соған бағытталған.

«Өкінішке қарай, мемлекеттік органдардың тар аядағы ведомстволық мүдделерін күйттеуге арнап құрылған квазимемлекеттік кәсіпорындар бизнестің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп отыр. Ал олардың «үрілген» кадрлық штатын ұстап тұруға қомақты бюджет қаражаты жұмсалуда. Сондықтан да квазимемлекеттік сектор үшін жасалған жасанды артықшылықтарды алып тастау керек. Жыл сайын мемлекеттік сатып алуларда олардың үлесі артып келеді. Мәселен, 2023 жылы 6 триллион 600 миллиард теңге қаражатты құраған мемлекеттік сатып алулардың ішінде бір көзден алу тәсілімен сатып алу үлесі 1,6 триллион теңгені немесе жалпы көлемнің 25 пайызын құрады. Бұл дегеніміз – нарықтық экономика жағдайында біз әлі де болса бәсекелестік ортадан жырып, адал бизнесті шеттетіп ат төбеліндей басшылар тобының шешімімен триллиондаған теңге мемлекет қаржысын үлестіріп отырмыз деген сөз. «AMANAT» фракциясы бұл мәселені бірнеше рет көтерді. Енді бұған тоқтау салынбақ. Жыл соңына дейін Мәжіліс депутаттарының қатысуымен мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлары қысқартылатын болады», – деді депутат Болатбек Нәжіметдинұлы.

Сондай-ақ ол қазақстандық бизнестің мүддесі үшін квазимемлекеттік сектордың қорғаныс саласындағы тапсырыстарды сатып алу тәсілдерін қайта қарауды ұсынды. Өйткені құрамына ұлттық компаниялардың 60 пайызы кіретін «Самұрық-Қазына» қорының сатып алулары тиісінше ашық емес және отандық өндірушілерді қолдауға бағытталмаған. Қазақстанға «Бәйтерек», «Даму» және т.б. даму институттарынан ірі бизнеске несие бөлу бойынша ашық және болжамды саясат қажет. Ең бастысы, БЖЗҚ мен Ұлттық қор қаражатын басқару тиімді болуы керек және қаржылық шығынсыз абсолютті тиімді инвестицияларға ғана салынуы керек.

«Экономиканы ырықтандырусыз Мемлекет басшысының 2029 жылға қарай экономиканы екі есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау мүмкін емес. Өкінішке қарай, біз мұны қазірдің өзінде экономикамыздың көптеген саласында байқап отырмыз. Осыған орай, біз басым көпшілікке ие фракция ретінде Үкіметтен Президент Жарлығының белгіленген мерзімде сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді сұраймыз. Өйткені Мемлекет басшысының экономиканы ырықтандыру туралы дер кезінде қабылдаған шешімі бізден экономиканың сапалы әлеуетін арттыруға әділ де түсінікті көзқарасты талап етеді», – деді ол.

Сол сияқты келесі депутат Ерлан Саиров та Бас прокурор Берік Асыловқа, Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Дмитрий Малаховқа жолдаған сауалында бизнес өкілдерінің қылмыс орбитасына тартылу жайын қозғады. «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «азаматтық тәртіп негізінде шағымданудың барлық мүмкіндігі пайдаланылмайынша, бизнеске қарсы қылмыстық іс қозғауға тыйым салынсын», – деген болатын. Әйтсе де, Қаржылық мониторинг агенттігі Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бола тұра, Қазақстанның балық шаруашылығына қарсы шабуыл жасап жатыр», – деген ол осыған қатысты бірнеше мысал келтірді. Мәселен, 2023 жылдың қазан айынан бастап Шығыс Қазақстан, Алматы, Түркістан, Атырау облыстарында балық өнімдерін өндейтін тоғыз зауытқа қарсы негізсіз қылмыстық істер қозғалған. Ал ол зауыттың барлығы өнімді экспортқа шығарып отырған кәсіпорындар. Яғни, бухгалтериясы ашық, шыққан өнім кеден арқылы бақыланып отыр.

«Осынау еліміздің жалпы ішкі өнімін экспорттық тауарлармен толтырып отырған кәсіпорындарға Қаржылық мониторинг агенттігі салық төлеуден жалтырды деген екіұдай айыппен қылмыстық іс ашып қойған. Мемлекетке салық төлеп, мыңдаған азаматты жұмыспен қамтып отырған тоғыз зауыттың бүкіл бухгалтерия, іс-жүргізу құжаттары тәркіленген, зауыттар жұмысын тоқтатқан. Агенттіктің бұл әрекетінің кесірінен олар мүлдем жабылуы да ықтимал. Яғни, мемлекетке төленіп отырған салық тоқтап, балық өнеркәсібі мен еншілес кәсіпорындарда істейтін мыңдаған азаматтың жалақысы төленбей, ал зауыттардың өздеріне шетелден өнімді уақытында жеткізбегені үшін штрафтық санкциялар салыну қаупі төніп тұр. «Шаш ал десе, бас алатын» тексерушілер мен негізсіз тексерулерден балықшыларды арашалап қалуымыз керек. Балықшыларға шабуыл кейбір экономикалық күштердің рейдерлік әрекеттері де болуы ықтимал!», – дейді депутат.

Осы ретте «AMANAT» фракциясы Бас прокуратурадан Қаржы мониторингі агенттігінің балық зауыттарын тексерудегі заңдылығын анықтауды және қылмыстық істің ашықтығын қамтамасыз етуді сұрайды. Ал ҚМА ашқан қылмыстық істерге тез арада қажетті құқықтық баға беріліп, заң аясында тоқтатылуға тиіс. Құқық қорғау органдары экономика субъектілеріне жөн-жосықсыз шеңгел қолдарын соза беруден тыйылуы керек. Бас прокуратураның Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқық қорғау органдарына берген отандық бизнеске күш көрсетуді тоқтату жөніндегі тапсырмасын толық орындалуын қамтамасыз етуі маңызды. Қазақстанның экспортын қалыптастыратын экономика саласын тұқыртпай, керісінше дамыту қажет.

ПІКІР

Мұқаш ЕСКЕНДІР,
Мәжіліс депутаты:

ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІКТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Кеше екінші оқылымда мемлекеттік сатып алу туралы заң қабылданды. Оның ерекшелігі – 2015 жылы қабылданған алдыңғы заңға қарағанда оңтайландырылғаны, яғни қарапайым бола түсті.

Көп тұсы бюрократиядан арылды, сондай-ақ жергілікті билік өкілдері мен тендер, конкурстарды ұйымдастырушылардың жауапкершілігі артты. Бұл – бір.

Екіншіден, құрылыс жұмыстарына қатысты рейтингтік, балдық сипатта электронды түрде автоматтандырылған конкурс ұйымдастырылатын болды. Ол жерде әр қатысқан кәсіпорынның тәжірибесі қаралады. Салық және айлық бойынша қарыздарының жоқтығы, материалдық-техникалық ресурстары, жергілікті жерде орналасқаны туралы ақпараттар тексеріледі. Солардың барлығы адамның қатысуынсыз өткізіледі. Бұл коррупциялық қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді деп санаймын.

Қазір, өкінішке қарай, отандық кәсіпорындардың негізгі табыс көзі осы мемлекеттік сатып алу болып отыр. Міне, аталған заң жобасында осындағы жұмыстарды, оның ішінде мектеп құрылысы болсын, жол құрылысы болсын, аурухана болсын немесе басқа да әлеуметтік салалардағы нысандар болсын, құжатын дайындаудан бастап пайдалануға дейінгі жұмыстар оңайлатылып жатыр. Бұрын арыз-шағымдарды Астанадағы Қаржы министрлігі қарайтын болса, қазір оны конкурсты ұйымдастырушыларға және жергілікті атқарушы органдарға жүктемек. Менің ойымша, бұл сол органдардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді, әрі бюрократиядан құтқарады.

Оған қоса, ауылдық жерлердегі тауар болсын, қызмет немесе жұмыс болсын, мемлекеттік сатып алу кезіндегі қаржы көлемі 3000 АЕК-тен 4000 АЕК-ке өсіп отыр. Әрі бір көзден сатып алуға мүмкіншілік беріліп отыр. Сондай-ақ бір көзден тауар сатып алуды 100 айлық көрсеткішке және қызмет пен жұмыс сатып алуды 500 айлық көрсеткішке көтеруге рұқсат етілмек.

Бұрын конкурсқа бір ғана компания қатысса, онда конкурс өтпеген болып қайтадан ұйымдастырылатын еді. Ал енді жалғыз компаниямен де өткен болып есептеледі. Мұның барлығы мемлекеттік қаржыны игерудегі тиімділікті арттырады деп ойлаймын. Оның сыртында қоғамдық бақылау да енгізіліп отыр. Әсіресе, құрылыс саласында мұның үлкен пайдасы болмақ. Сонымен бірге конкурс өткізу мерзімі екі есеге қысқарды. Бұрын екі ай болса, қазір максималды түрде 29 күн деп белгіленді. Міне, осындай жаңалықтың барлығы біріншіден кәсіпкерлерге көмек, екіншіден, жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыратынын тағы да айтқым келіп отыр.

Сондай-ақ бұл жерде EPC-contract келісімшарты енгізіліп отыр. Ол бойынша жобалау, құрылыс салу және қадағалау жұмыстары бір компанияға жүктеледі. Оффтейк келісімшарттар да іске қосылмақ. Ол отандық тауар өндірушілердің өнімін мемлекеттік сатып алуда қолдануға көмек болмақ. Әрине, осының барлығы Президент қойған міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алда Сенатта қаралып, одан соң Мемлекет басшысы қол қояр болса, бұл заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді деп күтіп отырмыз.

Руслан ҚОЖАСБАЕВ,
заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты:

ЗАҢ ЖОБАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТҚА ИЕ

Мәжіліс депутаттары 3 сәуірде «Мемлекеттік сатып алулар туралы» жаңа заң жобасын бірінші оқылымда талқылаған кезде көптеген мәселені көтеріп, құжатты жетілдіре түсуге қатысты ұсыныстар берді.

Олар – қоғамдық мониторинг енгізу, шағын және орта бизнес субъектілерінен мемлекеттік сатып алу тетігін қарастыру, рәсімдердің мерзімін қысқарту, бір көзден алу тәсілі арқылы процесті жетілдіру, жергілікті компанияларды қолдау, әлеуетті өнім берушілердің рейтингін енгізу, «тұрақты мемлекеттік сатып алуды» енгізу, нәтижелерге шағымдануды жеңілдету және тағы басқалар.

Енді бүгін өткен екінші оқылымда осы мәселенің барлығы қамтылғанына көз жетіп, заң жобасы Сенатқа жіберілді. Жаңа жоба бойынша жұмыстың басым бөлігі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталды. Ол үшін адами факторды жою қажет. Сондықтан заңға рейтингтік-балдық жүйені қолданатын конкурс сияқты әдіс енгізілді, онда конкурс жеңімпазы конкурстық комиссияның қатысуынсыз веб-портал арқылы автоматты түрде анықталады. Бүгінде бұл әдіс құрылыс, жобалау және техникалық қадағалау саласындағы сатып алуларда қолданылады. Жеңімпаз жұмыс тәжірибесі, қаржылық тұрақтылығы, құқықтық қабілеттілігі, лицензиясы, салық берешегінің бар-жоғы сынды критерийлер негізінде анықталады. Жеткізушілер туралы осындай деректің барлығы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар, яғни жүйе оны өзі оқып, үздік жеткізушіні өзі анықтай алатындай дәрежеде цифрланған.

Тағы бір бағыт – отандық бизнесті қолдау. Яки, оны Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін дәрежеде жүзеге асыру. Сатып алу шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері арасында жүретін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін (уәкілетті орган бекіткен тәртіпте және көлемде) енгізу ұсынылып отыр.

Мемлекеттік сатып алу мерзімін қысқарту туралы үшінші тармақ та қазақстандықтардың өміріне әсер етеді деп ойлаймын. Өйткені жаңа заң жобасы әлеуметтік бағытқа ие. Бұған дейінгі ұзақ рәсімдер тұрғын үй және тұрғын емес нысандардың құрылысын баяулатып келген еді. Енді жаңа заңда мемлекеттік сатып алу мерзімі екі айдан бір айға дейін қысқармақ. Сондай-ақ бұған дейін сатып алу нәтижелеріне шағымдану үшін комиссия құру қажет болса, алдағы уақытта шағымдарды қарауды, егер бар болса, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өзі жүзеге асырады.

Ал жосықсыз жеткізушілер міндеттемелерін мерзімінде орындамаса және жұмыс сапасы нашар болар болса, әуелі кемшіліктерді түзеуге мүмкіндік беріледі де, онда да болмаса жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі. Ондай жағдайда олардан келісімшарт сомасының 15%-ына дейін өсімпұл өндіріп алынып, тапсырыс беруші шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқық берілмек. Осылайша, жұмыс барысында Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында және депутаттардың ұсыныстары ескеріле отырып, заң жобасы жаңа нормалармен толықтырылды.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЫСАНДАР – БАҚЫЛАУ БЕКЕТТЕРІНІҢ НАЗАРЫНДА

Былтыр Қарағанды облысында 422 мың шаршы метр тұрғын үй салынды, 55 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, 700 шақырымнан астам жол жөнделді. Партияның Қарағанды облысындағы сайлауалды уәделерінің жүзеге асырылу барысы «AMANAT»-тың Партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысында талқыланды.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында былтыр өңірдегі ауылдық жерлерде жаңадан 2 777 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі құрылып, 985 грант пен шағын несие берілді.

«Биыл 1,7 мың ШОБ жобасын қаржыландыру, 49 мыңнан астам жұмыс орнын құру, жұмыс істеп тұрған ШОБ кәсіпорындарының санын 95,2 мыңға дейін ұлғайту, жұмыспен қамтылған адамдар санын 222,7 мың адамға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мектепке дейінгі білім беру саласында 7 ұйым ашу және жұмыс істеп тұрған жеке ұйымдарды 1 379 орынға дейін кеңейту есебінен балаларды қамту көрсеткіші ұлғайтылды. Сонымен қатар «Жер аманаты» жобасы аясында өңірде 540 мың гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды», – деді ол.

Сонымен қатар партиялықтар бірқатар проблемалық мәселені талқылады. Мәселен, Қарқаралы ауданының Талды ауылында және Бұқар жырау ауданының Атамекен ауылында мектеп құрылысы аяқталмай жатыр. Екі білім беру мекемесі де былтыр ашылуы тиіс еді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Құдайберген Бексұлтановтың айтуынша, бұған мердігерлердің жауапсыздығы себеп болып отыр.

Проблемалық нысандарда партиялық бақылау бекеттері (ПББ) жұмыс істейді. Олардың көмегімен құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін және жұмыстың уақытылы жүргізілуін қадағалауға болады. «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбековтың айтуынша, өңірде 44 ПББ жұмыс істеп тұр.

Былтыр аталған бекеттер жүйелі жұмыс істеп, соның нәтижесінде Приозерск қаласында кәріз-тазарту құрылысы жаңартылды, Абай қаласында жалға берілетін 80 пәтерлі тұрғын үй құрылысы аяқталды, Севан ауылында логистикалық орталық ашылды, Теміртау қаласында Жастар үйі жөнделді және тағы басқа жұмыстар атқарылды.

Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцевтің айтуынша, партиялық бақылау бекеттері құрылысшылар мен мемлекеттік органдардың жұмысын қадағалап қана қоймай, қажет болған жағдайда түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға және процесті жеделдетуге тиіс.

«Кез келген әлеуметтік нысан, мейлі ол аурухана, мектеп немесе Мәдениет үйі болсын, партияның жіті бақылауында. Себебі аталған нысандар тұрғындар үшін аса маңызды. Қоғамдағы жағдайға бейжай қарай алмайтын барша азаматты ПББ жұмысына атсалысуға шақырамыз. Нысанда қандай да бір олқылық барын байқап қалған адам бірден видеоға түсіріп, партияға жолдай алады», – деді ол.

Павел Казанцев партияның сайлауалды уәделерін жүзеге асырып жатқан мәслихат депутаттарының дербес жауапкершілігі мәселесіне жеке тоқталды. Яғни, сайлауалды бағдарламаның тармақтары бұған дейін әр халық қалаулысына жеке-жеке бекітілген еді. Тиісінше, депутат олардың орындалуына дербес жауапты болады.

«Облыстық мәслихат депутаттары – партия фракциясының мүшелері сайлауалды бағдарлама аясында салынып жатқан нысандарға барынша жиі рейд жүргізіп, депутаттық сауалдар жолдап, мемлекеттік органдармен және мердігер ұйымдармен тығыз жұмыс істеуге тиіс. Бұл қадам партияның сайлауалды бағдарламасын уақытылы орындауға мүмкіндік береді. Депутаттардың міндеті – белсенділік танытпай жатқан мемлекеттік органдарға қозғау салу», – деді ПБК төрағасы.

Өз кезегінде, комитет мүшесі Арман Евниев сайлауалды бағдарламаның орындалу барысын қадағалаудың дәстүрлі әдісінен бөлек, заманауи құралдарды да іске қосу маңызды екенін айтып, жобалық басқарудың ақпараттық жүйесін қолдануды ұсынды. Бұл қадам проблемалық нысандарды 24/7 режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

«Сонымен қатар өңір әкімдігімен бірлесіп, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша тұрақты жұмыс істейтін жедел штаб құру қажет деген ойдамын. Штаб отырысы аптасына бір рет өтуі керек. Мектеп, емхана салу, ауыл шаруашылығын дамыту болсын, әр бағыттың барлық қатысушыны қамтитын күнтізбелік желілік кестесі болуға тиіс», – деді ол.

Бұған қоса, комитет мүшелері сайлауалды бағдарламаның жекелеген тармақтарының орындалмағаны және дұрыс бақылау жүргізілмегені үшін кейбір лауазымды тұлғаларды «сөгіс» түрінде партиялық жауапкершілікке тарту туралы қаулы етті. Олар арасында Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов, Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынов, Бұқар жырау ауданының әкімі Аблай Сұлтанғали, Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов, «Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ басқарма басшысы Мұрат Мағзин, «Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ бөлім басшысы Талғат Омаров, «Бұқар жырау ауданы құрылыс бөлімі» ММ бөлім басшысы Болат Аринов, «Абай ауданының құрылыс бөлімі» ММ бөлім басшысы Бахтияр Мурсалов бар.

Сондай-ақ Қарағанды облыстық Партиялық бақылау комиссиясына партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Жол картасының пункттеріне жауапты облыстық және аудандық мәслихаттар депутаттарының партиялық жауапкершілігі мәселесін қарау тапсырылды.

Айта кетейік, Партиялық бақылау комитетінің осындай көшпелі отырыстары барлық өңірде өткізіледі.

Бердібек ҚАБАЙ

ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ғылыми зерттеу университетінің филиалын құру туралы бұйрыққа қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында агроөнеркәсіптік секторды дамытудың басым бағыттарын айқындай отырып, нарықта сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін күшті базалық жоғары оқу орнын анықтау жөнінде нақты міндеттер қойған болатын.

Былтыр екі елдің Премьер-Министрлері орынбасарлары, Ғылым және жоғары білім, ӨР Жоғары және орта арнаулы білім министрлерінің орынбасарлары, KazNARU мен «ТИАШМИИ» ҒЗУ ректорлары кездесіп, KazNARU базасында филиал ашу мәселесін жан-жақты талқылаған болатын. Нәтижесінде, KazNARU базасында филиал ашу жөніндегі Жол картасы қабылданып, ӨР Жоғары білім, ғылым және инновация министрлігі мен ҚР Ауыл шаруашылығы министрліктері бірауыздан келісімге келген. Сонымен қатар екі елдің ЖОО арасындағы 2028 жылға дейін ғылым-білім беру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен Шартқа қол қойылды.

«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ғылыми зерттеу университетінің тарихы 1923 жылдан басталады. Оқу орны алғашқыда Түркістан мемлекеттік университетінің базасында, 1929 жылы Орталық Азия мақта-ирригациялық политехникалық институты болып құрылған.

Еске сала кетейік, жақында KazNARU Басқарма Төрағасы – Ректор ҚР Ақылбек Күрішбаев пен «ТИАШМИИ» ҒЗУ Ректоры Баходир Мирзаев Алматыда кездесіп, Су Хабының негізгі оқу аудиториялары мен ғылыми зертханаларының жұмысымен танысып шықты. Сонымен бірге тараптар филиалдың ашылуына қатысты инфрақұрылымды дамыту; қаржыландыру көздерін қарастыру; оқу процесін жетілдіру үшін заманауи оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету; су ресурстарын басқару, суды пайдалану, мелиорация және жерді

рекультивациялау саласында бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу сынды бірқатар мәселені талқылады.

Ғалымдар жаңа филиалдың ашылуы су шаруашылығына қажетті бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды күшейту арқылы Өзбекстан мен Қазақстанның су ресурстарын ұтымды пайдалану, АӨК саласында инновациялық технологияларды әзірлеу, цифрлық экономикаға көшу жағдайында ауыл шаруашылығын жаңа «цифрлық» деңгейге көтеруді жеделдету, Орталық Азиядағы су қауіпсіздігін нығайту салаларына тың серпін береді деп баға беріп отыр.

Қазір өзара жасалған келісімшарт бойынша университеттің «Су, жер және орман ресурстары» факультетінің 1-курс студенттері Ташкентте «Ирригация және гидротехникалық құрылыстар» факультетінде білімін жалғастыруды бастап кетті.

Б.ҚАБАЙ

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ СӨЗ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарды да тізіп шыққан еді. Ол – тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық болатын. Осы қосарланған алты құндылық ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың негізгі бағыт-бағдары бола алады. Бұл, тіпті идеологиялық тұжырымдама іспеттес. Былтырғы құрылтайда жарияланған «Адал азамат» ұғымымен де үндесіп жатыр. Осы ретте Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ұйымдастыруымен «Адал азамат – Адал Еңбек – Адал табыс» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аталған іс-шара Ұлттық құрылтайдың III отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды іске асыру мақсатында өткізілді.

Наурызбек САРША

Ұрпақтар сабақтастығы тақырыбында өткен дөңгелек үстелде алғашқы болып сөз сөйлеген Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ директоры Мұхтар Еркетаев орталықтың жұмысы туралы айта келе, орталықтың ұрпақ тәрбиесіне де баса назар аударып отырғанына тоқталды.

Дөңгелек үстелге қоғам қайраткерлері, Мәслихат депутаттары, Астана қаласының құрметті ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, еңбегімен ерекшеленген білікті мамандар қатысты. Олар құрылтай тұжырымдамасына сәйкес «Ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбын талқылап, аға буын өкілдерін ұрпақ тәрбиесіне тарту туралы ой бөлісті. Мәселен, ішкі істер органдары және Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков ардагерлердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуының ұрпақ тәрбиесіне әсерін айта келе жас қызметкерлер арасында патриоттық тәрбие беру мәселелеріне де тоқталды.

– Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде айтар болсам, бүгінде қоғамдық бірплестіктің 45 филиалы бар. Онда есепте тұрған 80 мыңнан астам ардагер бар. Оның 5-уі Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, 200-дей еңбек майданының ардагері, 100 шақты Ауған соғысына қатысқан ардагерлер, бірінші, екінші топ мүгедектері мен 2000-нан астам зейнеткер бар. Бүгінде ардагерлер жас ұрпақ тәрбиесіне жақсы атсалысып келеді. Мен ардагерлердің қоғамдық өмірге белсенді қатысып жатқанын көргеніме қуаныштымын. Бұл жас ұрпақты адамгершілік пен патриоттыққа тәрбиелеуге, қызметтік дәстүрлерді сақтауға, жастар арасында полицей мамандығының имиджін сақтауға ықпал етеді. Қазір ішкі істер органдарының ардагерлері қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, түрлі іс-шараға қатысып, жинақталған тәжірибесі мен білімін бөлісе отырып, жас мамандарды үйретіп, жастармен патриоттық жұмыстарға үлкен көңіл бөлуде, – деп атап өтті Өмірзақ Болсамбеков.

Сондай-ақ жиында Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры Зұлфухар Ғайыпов та сөз алып, Мемлекет басшысы айтқан «Адал азамат» ұғымына кеңінен тоқталды.

«Мемлекет басшысы отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бірауыз сөзбен сипаттауға болады», – деді. Міне, біз де осы ретте Президенттің осы сөзінен нәтиже шығаруымыз керек. Нағыз отаншылдық, отансүйгіштік дегеніміз – ел мен жерге жанашырлықтан бөлек білімпаздық пен еңбекқорлық. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» дегені де осыны меңзейді. Біз осы идеологияны басшылыққа алып, іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек», – дейді Зұлфухар Ғайыпов.

Кеш қонағы ретінде шақырылған батыр-полицей Арман Сәрсембаев «Ерлігі үшін» медалімен қандай ерлік істері үшін марапатталғаны және адал еңбек жетістіктерге жетелеп, абыройға бөлейтінін айтты.

Сонымен қатар дөңгелек үстел жұмысына қатысқан жас маман, My Mind медициналық технологиялар саласындағы стартап әзірлеушісі Ю. Тумгоев жастардың ғылымға сіңірген еңбегі мен аға буын өкілдерінің өнегелі істері арқылы жас мамандарды еңбекке баулу туралы ойын білдірді.

«Адал азамат – Адал Еңбек – Адал табыс» атты дөңгелек үстелде блиц-сауалнама мен орталықтың қызметі туралы бейнематериал көрсетілді.

Кеш соңында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев дөңгелек үстел қатысушыларына алғысын білдіріп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда зейнеткерлердің мол тәжірибесі мен нақыл сөздері маңызды екенін баса айтты.

СПОРТШЫЛАР ЭКОАКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы өтіп жатыр. Астана қаласын көгалдандыру ісіне әлем чемпиондары мен Париж Олимпиадасына жолдама иегерлері және қалалық Спорт басқармасына қарасты №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері белсене қатысты.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Аталған экоакция аясында Алматы ауданына 6 300 түп ағаш отырғызу жоспарланған. Сенбілікте спортшылардың үлесіне тиген бас-аяғы 30-ға жуық жөке ағашы отырғызылды. Көгалдандыруға бокстан ұлттық құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов, белгілі боксшылар – Сәкен Бибосынов, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымберген, Айбек және Нұрбек Оралбайлар, Қамшыбек Қоңқабаев қатысты.

«Бүгінгі көгалдандыру жұмысына №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 26 оқушысы мен Париж Олимпиадасына жолдама алған 10 спортшы қатысып жатыр. Абаттандыру уақыты аяқталғанға дейін ауданда 6 300 ағаш отырғызылатын болады. Бұл шараға спортшылардың қатысуының басты себебі – қала тұрғындарын «Таза Қазақстан» акциясына баулу және оларды шақыру, өсіп келе жатқан келешек чемпиондармен бірге нетуоркинг арқылы тәжірибелерімен алмасу. Экоакцияның көмегімен біз жастарды, елорда тұрғындары мен қонақтарын спортпен шұғылдануға және қаланың тәртібі мен экологиялық жағдайына мән беруге шақырамыз», – дейді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов.

Париж Олимпиадасына жолдама алған былғары қолғап шебері Айбек Оралбай қаланың тазалығына мән беру әр тұрғынның міндеті екенін айтты.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, бүкіл ел бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өтіп жатыр. Бүгін біз Алматы ауданында ағаш отырғызуға қатыстық. Елорданың барлық тұрғынын қаланың дамуы мен тазалығына үлес қосуға, оны өз ауданынан бастауға шақырамын. Әр тұрғын осы акцияларға қатысып, қаланың тазалығына мән беруі керек. Егер оны өзіміз таза ұстамасақ, басқа елден келгендер тазалықпен қарайды деп ойламаймын. Бұл үйдегі балаға берілетін тәрбиеден басталады», – дейді спортшы А. Оралбай.

Сәкен Бибосынов – Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, Париж Олимпиадасына жолдама иегері абаттандыру істеріне бірнеше рет қатысыпты.

«Республика деңгейінде өтіп жатқан экоакцияға біз де қатысып, қаланың тазалығына үлес қосып жатырмыз. Ел көлемінде өтетін мұндай жұмыстарды қолдаймыз, сондықтан барлық қазақстандықты аталған акцияға қатысуға шақырамын. Осының алдында Түркістан қаласындағы «Таза Қазақстан» акциясына қатысып едім, енді бүгін елордамыздың тазалығына үлес қосу бұйырыпты», – деді боксшы Сәкен Бибосынов.

Ауқымды экоакция аясында жасылжелек отырғызу мен оларды күтіп ұстау, аула-көшені тазалау жұмыстары әлі жалғасуда. Осындай шараға қатысқан аудан тұрғындары арасында қоғамдық мәдениет деңгейі артып келеді.

(Басы 1-бетте)

Наурызбек САРША

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

СУ САЛАСЫНДА КАДР ТАПШЫ МА, ҚАДІР ТАПШЫ МА?

Бүгінде бұл екі мекеменің штаты бірнеше есе қысқартылғанын айта кеткен жөн. Кеңес заманында Қазақстанда су саласының мамандары көбіне Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын (ЖГМҚИ) және оның Қызылордадағы филиалын оқып, тәмамдаған. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметі бойынша, институт инженер мамандарды дайындаған, оқу орнындағы оқытушылар құрамында жоғары білікті мамандар болған. Сонымен қатар бұл институттың қуатты зертханалық базасы және ғылыми инфрақұрылымы болған. Бүгінде сарапшылар кеңестік жүйеде оқыған мұғалімдердің зейнеткерлікке шыққанын, ал жаңадан келген мұғалімнің көп жағдайда практикалық тәжірибесі жоқ екенін және жергілікті жерде жұмыс бола бермейтінін айтады.

Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасында мемлекет су шаруашылығын «кадрлармен қамтамасыз ету» бойынша бірнеше қадамды атап көрсетеді. «Су шаруашылығының имиджін жақсартуды» жоспарлап, жалақыны көтеру шараларын қолға алуды жоспарлап отырғаны да көрсетілген. Кадр даярлайтын базалық оқу орны ретінде М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (ТарӨУ) таңдалды. Иә, су мамандары дегенде есімізге Кеңес Одағы кезіндегі Тараз қаласындағы Гидромелаpативтік–құрылыс институтының даңқы түседі. Еліміздегі ең алғаш су шаруашылығы мамандарын даярлап, кадрмен қамтамасыз еткен осы білім ордасы болатын. Жуырда Президент Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөнінде шешім шығарды. Сондай-ақ су саласындағы мамандарды даярлау бойынша базалық ЖОО-ны анықтауды тапсырды. Біз осы ретте, кезіндегі Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының түлегі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, Тараз қалалық маслихатының депутаты Кенжеғали Шилібектен аталған мәселедегі ойын білуге тырыстық. Оның айтуынша, Президенттің Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөніндегі шешімі – дұрыс шешім әрі батыл қадам.

«Суды тиімді пайдалану және басқару, реттеу стратегиялық маңызды. Бұл еліміздің экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Су саласындағы қордаланған мәселелерді шешуге бағытталған мамандарды қалыптастыру үшін базалық жоғары оқу орны болып табылатын Дулати университетінен бұрынғы Жамбыл гидромелиоративтік–құрылыс институтын бөліп, қалпына келтіру ұтымды шешім. Институттың оқу ғимараттары, жатақханалары, су саласына бейімделген зертханалары, спорт кешендері қаржы көздерін үнемдеуге мүмкіндік береді. Тараз қаласында орналасқан Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен арадағы ынтымақтастық оң әсерін тигізеді. Шыны керек, бұрынғы одаққа танымал болған Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын қалпына келтіруде Үкіметтің қолдауы керек. Білікті мамандардың жасы ұлғайған, білікті су мамандары жан-жақта шашырап жүр. Су мамандары қазір 10 жоғары оқу орындарында даярланады, сондағы ғалымдарды жаңа оқу орнына шоғырландырып, студенттерді тек базалық оқу орнында бір жерден оқытуды жүзеге асыруды қолға алу керек. Саладағы ғалымдардың әлеуметтік жағдайын жасап, жоғары жалақы тағайындау қажет. Барлық жоғары оқу орнында су саласында студенттер контингенті аз екені мәлім. Су бағытындағы білім беру бағдарламаларын кез келген жоғары оқу орындарында аша беруді тоқтату керек. Керісінше, республикадағы су бағытындағы білім беру бағдарламаларын тек бір жерде, яғни жаңадан құрылатын оқу орнында жүзеге асыру тиімді болмақ. Мемлекет тарапына білім гранттарын көптеп бөлу мәселені толық шешпейді. Су тасқыны мамандардың жетіспейтіндігін көрсетті. Сондықтан 17 аймақ басшылары, жылына мақсатты гранттармен 10 талапкерді жіберу керек, оларға қосымша шәкіртақы тағайындау қажет. Бұл даярланатын кадрлардың сапасына, профессор-оқытушылар құрамының әлеуетін арттыруға оң өзгерістер әкеледі. Су бағытында оқитын студенттерге ерекше статус беріп, олардың шәкіртақысын көтеру және жалақысы жоғары жұмыспен қамтамасыз ету қажет. Сонда ғана мемлекет тарапынан беріліп отырған білім гранттарын толық игеруге мүмкіндік болады. Сонда ғана біз бұрынғы гидро институттың беделін қайта әкеле аламыз», – дейді ол.

Кенжеғали Шилібек сонымен қатар су саласына мамандар дайындаудағы кейбір мәселелерге тоқталды.

«Су саласына мамандар дайындаудағы жоғары оқу орынның өкілі ретінде кадр тапшылығына келер болсам, біріншіден, су шаруашылығындағы білім беру бағдарламаларына сұраныс аз. Мемлекеттік тапсырыс, облыс әкімі бөлген білім беру гранттары жыл сайын игерілмеуде. Мысалға, 2022–2023 оқу жылында 6В086 «Су ресурстары және суды пайдалану» білім беру тобына жалпы 328 орын бөлінді, оның 90-ы қысқартылған білім беру бойынша, яғни колледж бітірушілеріне, «Серпін» бағдарламасы бойынша 10, магистратураға 70, «Гидротехникалық құрылыс және су ресуртсарын басқару» білім беру бағдарламасына 20 орын берілді. Өкінішке қарай, республика бойынша бұл орындардың 30 пайызы ғана игерілді. Бүгінде Дулати университетінде су ресурстары бағытында 107 студент білім алуда. Өткен оқу жылында екі сала бойынша 43 бітіруші диплом алып шықты. Оқуды аяқтаған соң, түлектердің 80% өз мамандығы бойынша «Қазсушар» филиалдарына, бассейндік инспекцияларға жұмысқа орналасады, алайда ондағы айлық жалақыға ұзақ уақыт тұрақтамай басқа салаға ауысуда. Себебі еңбекақысы өте төмен, мысалға жаңадан жұмысқа кірген жоғары білімді су саласы маманының айлығы – 95-120 мың теңге аралығында ауытқиды. Бұл еліміз бойынша орташа еңбекақы – 350 мың теңгемен салыстырғанда, 3-3,5 есе төмен. Тағы бір жағы мамандық мәртебесінің төмендігі.

Шыны керек, мемлекет өзіне қажетті мамандықтарға оқу грантын көп бөледі. Алайда ол мамандардың оқу бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуды міндеттеуге назар аударулары әлі де болса жеткіліксіз. Осы жағын қолға алу қажет», – дейді профессор.

«ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА БІРАЗ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ЖОҒАЛТТЫҚ»

Жуырда өткен Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек су саласының мамандықтары мәселелері бойынша бірлескен кеңесінде жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері қатысып, су мамандарын даярлау тақырыбы қозғалған еді. Онда «Болашақ» бағдарламасына өзгерістер енгізіліп, оған «Гидрогеология», «Су ресурстары және су қауіпсіздігі» секілді су саласының мамандықтары қосылғаны айтылып, биылдан бастап қазақстандық студенттер аталған мамандықтар бойынша шетелде білім ала алатыны жария болған еді. «Біз үшін су саласы мамандығын тартымды ету маңызды. 2024 жылдың басынан бері су шаруашылығы қызметкерлерінің еңбекақысы орта есеппен 22 пайызға өсті. Бұған Су ресурстары және ирригация министрлігі әзірлеген іс-шаралардың арқасында қол жетті. Сонымен қатар отандық су саласының кадрлық әлеуетін арттыру үшін министрлік су шаруашылығы мамандарын қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жоспарлап отыр», – деген еді сонда Нұржан Нұржігітов.

Бүгінде елімізде 10 оқу орны су саласының мамандарын даярлайды. Ал қазір су мамандықтары бойынша 2 500-ге жуық студент оқиды. Дегенмен студенттерге нағыз маман иесі болуы үшін де көптеген жұмыс кезегін күтіп тұрған секілді. Бұл ойды Кенжеғали Шилібек те қостайды.

«Тәуелсіздік алғанға дейін бізде ұлттық білім, ұлттық тәрбие беру жүйесі кеңестік сипатта қалыптасты деуге болады. Менің ойымша, мұның басты себебі батыстық білім беру жүйесі – «Болон» үдерісін қолданысқа енгізгеніміз болды. Еуропа елдерінің ортақ білім беру жүйесіне ену мақсатында Орталық Азия елдерінен бірінші болып, Қазақстан «Болон» үдерісіне 2010 жылы енді. «Болон» үдерісіне ене отырып, отандық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, үш сатылы жоғары білімді енгізу, академиялық кредиттер жүйесін қабылдау, білім сапасын бақылау, студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейту көзделді. Бұл жүйе отандық білім жүйесін еуропалық озық тәжірибелер мен ғылыми жаңалықтарды батыл енгізу арқылы халықаралық үлгіде дамытуға мүмкіндік берді. Таяқтың екі ұшы бар дегендей біз, техникалық мамандарды дайындауда біраз құндылықты жоғалттық. Болашақ инженерлер білуге тиіс қажетті инженерлік-техникалық пәндер оқу үдерісінен алынып тасталды, не болмаса мазмұны өзгеріп, сағаттары қысқартылды. Білімді бағалау жүйесі өзгертілді. Нәтижесінде, көпшілік студент үшін оқу орындарындағы негізгі мәселе сапалы білім алу емес, жоғары балл жинау, мамандық игеру емес, диплом алу болып кеткені жасырын емес. Оның үстіне бұл мамандықтарға Ұлттық бірыңғай тестілеуден ең төменгі шекті балл алғандардың мемлекеттік грантқа түсуінің әсері де жоқ емес. Сонымен қатар жастар су саласына қызықпайды. Өйткені бұл саладағы мамандардың қоғамдағы мәртебесі төмен. Айлық жалақысы аз. Жоғарыда айтқандай, су бағытында оқитын студенттерге ерекше статус беріп, олардың шәкіртақысын екі-үш есеге дейін көтеру және соңғы курсты дуалды оқытуға көшіріп, мекемеде айлық жалақымен жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажет. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламаласына су саласының түлектерін тартуымыз керек. Мамандардың әлеуметтік қамтамасыз етуді кепілдендіру, біліктіліктерін жүйелі арттыру, жалақыны көтеру, сала еңбеккерлерін насихаттау арқылы ғана су мамандарының мәртебесін жақсарта аламыз», – дейді ол.

КАДРҒА ҚАЖЕТТІЛІК 800 АДАМҒА ДЕЙІН АРТАДЫ

Сарапшылар гидромелерация мамандығын «ең қажетсіз мамандық» деп атап көрсеткен екен. Мұның бір себебі бұл мамандыққа сұраныстың азаюы, оқыту кезінде практикалық тәжірибенің жоқтығы мен жергілікті жерде жұмыс бола бермейтіні. Мамандар инженер-мелиоратор топырақтың құнарын жақсартуға және шаруашылықты ұйымдастыруға жауапты жан екенін айтады. Оның жұмыс ауқымы кең, жауапкершілігі де орасан. Ол жер суландыру техникаларын, топырақтың қоректену режімін дұрыс пайдалануды, ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты және мол өнім алудың тиімді жолдарын ұсына алатын, канал, тоған, су қоймалары мен бөгендердің техникалық қауіпсіздігін болжай білетін, гидрологиялық қолайсыз жағдайларын жақсарта отырып, жер қорын өте тиімді түрде пайдалану әдістерін меңгерген маман. Алайда біздің шаруа қожалықтары мұндай маман иесін қажет етпейді. Осыдан келіп әркім өз әрекетімен жерді пайдалануда. Нәтижесінде, жер сортаңданып, тұзданып, тозып, экологиялық мәселелер туындап жатыр.

Иә, бізге саладағы проблемалардың алдын алу мақсатында алдағы уақытта, «Гидротехникалық құрылыс және құрылымдар», «Су ресурстарын басқару», «Гидромелиорация», «Елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және суды бұру», «Гидрогеология және инженерлік геология», «Су шаруашылығының экономикасы», «Су дипломатиясы», «Мелиоративтік жұмыстарды механикаландыру», «Гидроэнергетика» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау аясын кеңейтуіміз керек. Себебі болжам бойынша, 2029 жылға қарай кадрға қажеттілік 800 адамға дейін артады, ал оларды даярлау үшін 350-ге жуық педагогика маманы қажет болады екен. Оның ішінде 170 маманның ғылыми дәрежесі болуы керек. Мұнша мандарды аз уақыттың ішінде даярлай алу да оңайға соқпасы анық. Дегенмен Үкімет қолынан келгенін жасап бағуда. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметі бойынша, су шаруашылығы саласына кадр даярлауға жыл сайын 400-ден астам орын бөлінеді, ал жаңа тұжырымдамада грант санын арттыру қарастырылған. Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі бүгінеде су мамандарын даярлауда еліміздің төрт макроөңірі таңдалғанын, онда экономика салалары бойынша, оның ішінде су саласының болашақ мамандарын даярлайтын тірек колледждер құрылатынын айтады. Айта кетейік, бүгінде еліміздің бес колледжі су саласының мамандарын даярлайды. И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі, Мақтаарал аграрлық колледжі, Түлкібас агробизнес және туризм колледжі, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі және Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар жоғары колледжінде гидрогеология саласының 300-ге жуық болашақ мамандары оқиды және олардың 90%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алады.

Сонымен қатар 2024-2025 жылдары «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылыстарын пайдалану», «Гидротехникалық мелиорация» және «Гидротехникалық құрылыс» және тағы басқа мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім беруде мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ жуырда Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Француз даму агенттігінің (AFD) өкілдерімен кездесіп, су саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылаған еді. Агенттік өкілдері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Франция президенті Эммануэль Макронмен жақында өткен кездесуінен кейін қос тарап су секторын қоса алғанда, түрлі бағыттағы ынтымақтастықты белсенді түрде нығайтуға ниетті екенін атап өтті. Қонақтар 100-ге жуық елде жұмыс істейтін AFD бірлескен жобалар бойынша техникалық сараптама, несие түрінде ұзақ мерзімді қаржыландыру және техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға гранттар беруге дайын екенін хабарлады. Сондай-ақ Француз даму агенттігінің өкілдері Астана қаласында қазақстандық филиал ашуға ниет білдіріп отырған көрінеді. Сол жиында Нұржан Нұржігітов Су ресурстары және ирригация министрлігі отандық су саласының мамандарын оқыту және біліктілігін арттыру үшін француз мамандарын тартуға қызығушылық танытып отырғанын, сондай-ақ франциялық сарапшыларды елдің су шаруашылығы объектілерінің ағымдағы жай-күйі туралы дерек жинайтын ахуалдық ақпараттық орталықтың жұмысына тарту мәселесін де қарауды ұсынды.

ТҮЙІН:

2023 жылы аграрлық және су салалары бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын игеру көлемі небәрі 59%-ды құраған. Мәселен, былтыр «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығына бүкіл ел бойынша 101 адам ғана келіп түсіп, мемлекеттік гранттардың 70%-ы игерілмей қалыпты. Ғылым және жоғары білім министрлігі қазір 10 ЖОО су ресурстары саласында кадр дайындап жатқанын айтады. Көпшілігі «Су шаруашылығы» және «Су ресурстары» мамандығы бойынша оқиды, ал инженер мамандар тек М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде оқытылады. Жалпы, елімізде су мамандарын негізінен Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақ-Неміс университеті даярлайды. Соңғы кездері басқа да жоғары оқу орындарында су бағытында білім беру бағдарламаларын ашып, болашақ су мамандарын даярлауда. Енді осы бағытта жұмыстар өз нәтижесін береді деп сенеміз. Алаңсыз жүргенде саламыз мансыз қалмасын.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТУЫНДЫ

Қолыма «Ақсақ кемпір» деп аталатын кітап түсті. Аты ерекше кітап Астана қаласында 2020 жылы жарық көрген екен. Авторы – Сайпеден Сидағалиев. Бүгінгі сөз осы кітаптан алынған оқиғаларға қатысты болмақ…

Қазіргі Атырау облысындағы (бұрынғы Гурьев) сонау Қызылқоға қойнауындағы Қарабау ауылы – талайға жылы ұя, құтты қоныс болған атамекеннің суы бал, шөбі мол еді. Жылдардың ғана емес, ғасырлардың сырын жасырған жазық далаға сән берген Жарыпшыққан өзегінің жағалауындағы қарапайым кішкене ауыл асқан ажарлы көрінетін. Шығысында Есентемірлер, түстігінде Шеркештер, батысында Беріш пен Ысық ұрпақтары жағалай орналасқан бұл маңның өзінің ішіне бүккен сыры жетерлік болар. Сонау XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастау алған тарих деректерінде Қаратоқайдан тараған Беріш Бекбаулының немелтайы Барлыбай артынан бірнеше батыр мен шешен ерген атақты Есболаймен бір туған адам. Барлыбайдай көпті көрген атадан тараған ақылман Есен, Көтіке, Арыстандар бүкіл елге қамқор болған жандар. Ерлік жасап, шайқасқа шыққанымен, Есен ата жастайынан адамгершілік пен имандылықты өз өміріне ту етіп, елдің сөзін айта алған. Бұрынғыдан жеткен естеліктер бойынша, Есен атаның Оразалы, Текебай, Мекебай, Қарабала, Еркебай атты 5 ұлы мен 2 қызы болыпты.

Қарабала өмірге келген 1850 жылы қыс қатты болып, мал қырылып, ел қатты күйзеліпті. Қарабала 5-6 жасқа келгеннен бастап әкесінің айтуымен, оқуға тартылып, ауыл молдасынан сауатын ашуға мешітке барады. Білімге құштар бала әке үмітіне сай болып өсті. Өзі бойы ұзындау, арықша келген, көп сөйлемейтін, тік мінезді, өжет жан болған екен. Кішкентай кезінен бастап қолтығынан Құран кітабын тастамайтын бірбеткей бала білімін шыңдау үшін Башқұртстан елінің Уфа қаласындағы Ғалия медресінде білім алған Қарабала қиындығына қарамастан, Меккеге барып, қажы атанады. Көкірегіне ұялаған білімнің нұрын көпке шашып, жас болса да, елдің қызметіне араласып, халықтың көзін ашып, сауаттандыруды мақсат етті. Қарекең елдік мәселелерге араласып, дәстүрлі көрісу мейрамын өз шаңырағында барлық туған-туысқан, ауыл тұрғындарымен атап өтетін. Ол күні үйде Наурыз көже асылып, көрісудің соңы ән мен жырға ұласып, кішігірім тойға айналатын. Қарабала жылдар өте келе өзінің халыққа бауырмалдығымен, елдің ақылқосарына, тірегіне айналды. Жасы кішілер құрметпен «Көке», «Атеке» деп атайтын. Қарабаладан үш ұл – Қабдырахман, Ғабдолкәрім, Нұрман (шын аты – Нұрмұхамбет) және Жәміш пен Балқия атты екі қыз өмірге келген.

Қабдырахман кішкентайынан алғыр болып өсіп, әкесінен діни сауат алып, мұсылманшылықтың ақ жолына түсті. Бес уақыт намазын қаза қылмай жүрген Қабдырахман Қызылқоға бойынан Меккеге жолға шыққалы жатқан діндарлармен бірге, әкесін алып ұлы жолға шығады. Кез келген мұсылманның арманы – Меккеге тәу етіп, аман-есен елге оралған Қабдырахманға риза болған әкесі Алланың үйі – мешітті басқаруды тапсырады. 1911 жылы әкесі Қарабаланың құда түсуімен, ата-анасынан алған тәлім-тәрбие көргендігін бірден байқатып, ибалықтың үлгісін көрсеткен Тиын Ескендірқызына үйленген.

1918 жылы елде Қазан төңкерісі жалғасып жатты. Қызыл империяның қолдан жасалған қырғыны басталып, коммунистік идеология адамдарды бір-біріне қарсы қоюды бастады. Көптеген жан бір-біріне жала жауып, арыз жазып, «Халық жауы» деген ұғым пайда болды. Өкінішке қарай, бұл сұмдық нәубет Қарабала әулетін де айналып өтпеді. Балаларға білім беріп жүрген Қабдырахман «Халық жауы» деп қуғындалып, айдауға кетеді. Осы кездерде анасы-Нұрхаш ауыр кеселден көз жұмып, әкесі Қарабала қартайған шағында жалғыз қалады. Сол бір зұлматты кездерде отбасының бар ауыртпашылығы 4 баланың анасы, әулеттің келіні – Тиынға түседі. Кітаптың ендігі бөлімдері сол замандардағы кез келген отбасында және қазақ әйелінің басынан өткен қиындықтарды суреттейді деуге болады. Қабдырахман мен Тиын анадан Зүбайда, Сүлеймен, Зайлағи, Сағира (Сақыш) есімді ұл-қыздары өрбиді.

Ана деген асыл ұғымға лайық болған қазақ әйелдерінің бірі – Тиын Іскендірқызы. Қарабауды қоныс еткен кезінде батыр әрі би атанған Беріш Қаратоқайдан тараған Есеннің 5 ұлының бірі – Қарабала қажының келіні, жастайынан имандылықты ту етіп, сонау Меккеге барған Қабдырахманның сүйген жары, білім алу түгілі тамақ тауып, қарапайым күн кешу қиын болған кездерде халқының сауатын ашып, нағыз мұғалім атанған Сүлеймен мен Маңғыстауға белгілі педагог, «Халық ағарту ісінің үздігі» Сақыш Қарабалинаның анасы – Тиын Ескендірқызы.

Өн бойында үлкенге ізет, кішіге мейірім, жарына деген сүйіспеншілік тұнған Тиынның тағдыры адам төзгісіз болды. Қайынатасы Қарабаланың аманатымен оны Қарабауда мәңгілік мекеніне орналастырып, бала-шағасымен әркімнің босағасына көшіп-қонып тамақ асырап, ашаршылық пен қуғын-сүргінді бастан кешіріп, ұстауда жүрген сүйгені Қабдырахманды күтуден жалықпады. Жастайынан келін болып түскен әулетінің абыройы мен өнегелі жолын қадірлеп, тағдырдың талай тауқыметіне дес бермеген Тиын ананың өмір жолы ерлікке пара-пар, көпке үлгі боларлық.

Әке тәрбиесінен жастай қалып, анасының айтуымен, Қаракөлдегі «Қызыл үй» мектебінде оқып, небір қиыншылық пен жоқшылық көрсе де, білімге деген құштарлығымен өз мақсатына жетіп, мұғалім болған Сүлеймен Қабдырахманұлы кейін отбасының асыраушысы мен тірегіне айналады.

Қарабалин Сүлеймен Қабдырахманұлы 1921 жылы Қызылқоға өңіріндегі Қарабау елді мекенінде дүниеге келген. Жастық шағында қызыл империяның елге көрсеткен озбырлығын көріп өседі. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ сауат ашу қосымша сабағына өз еркімен араласып, бар білгенін үйреткен Сүлеймен 1941 жылдың күзінде қазіргі Жылыой ауданындағы М. Лермонтов атындағы Қосшағыл орта мектебіне оқытушы болып орналасады. Жиырма бір жасында мектеп басшысы болған ол мектептің сан салалы жұмысын меңгере жүріп, мол тәжірибе жинақтайды. 50-жылдары қайнаған жаңа өндіріс ошағы – Қаратон кәсіпшілігіндегі орта мектепке директор болған Сүлеймен Қабдырахманұлы Атырау облысы Жылыой аудандық ағарту ісін дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін, есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында 1991 жылы Қамыскөлдің көшесіне, 1996 жылы Құлсары қаласының №15 жоғары сатылы жалпы орта білім беретін мектебіне аты берілді.

Сүлеймен Қабдырахманұлы әйелі Ақзирамен төрт ұл, бес қыз тәрбиелеп, олардан тараған ұрпақтың барлығы да білімді, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген білікті мамандық иелері.

Мақаламыздың басты кейіпкері Сақыш Қарабалина 1931 жылы бұрынғы Гурьев облысы Қызылқоға ауданында өмірге келген. Бүгінде өңірге белгілі педагог, Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім, Қазақ КСР-і «Халық ағарту ісінің үздігі», 1953 жылы Қазақ педогогикалық институтын бітірді. Әр жылдары мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, балабақша меңгерушісі, мектептің директоры және 1973-1986 жылдары Жаңаөзен қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі болды. Ұстаздық қызметінде талай шәкірттің үмітіне шам жағып, болашағына жол көрсете білді.

Сақыш Қабдырахманқызының өмірлік жолдасы Рахмет Өтесінов – 1927 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы Қарабау жерінде дүниеге келген белгілі мұнайшы, жазушы, Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мұнайшысы, Ақтау және Жаңаөзен қалаларының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері. 1951 жылы Мәскеудегі мұнай институтын бітіреді. Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде мастер, цех бастығы, бас инженер, директоры, Жылыой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің өндіріскөлік бөлімінің меңгерушісі болған. Қандыағаш аймақтық өндірістік партия комитетінің хатшысы, «Маңғыстаумұнайбарлау» тресінің партком хатшысы және «Өзен мұнай өндіру» басқармасының тұңғыш бастығы қызметін абыроймен атқарды.

1960 жылдары Маңғыстаудың мұнай саласы елдің басты назарында тұрды. Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің өнеркәсіп бөліміне басшылық ету Рахмет Өтесіновке жүктеліп, ол 1964 жылдың шілде айында Өзен мұнай-газ өндіру басқармасының директоры болып тағайындалады. Бас-аяғы бес жылдың ішінде жоспарланған жұмыстар бітіп, бұрын кездеспеген 20 пайыздық парафині бар қою мұнайды жер бетіне шығару, тасымалдау әдістері табылып, өнім көлемі 9 миллион тоннаға жеткізілді. Ал бас бағдарлама бойынша кеніштің берері 20 миллион тонна болды. Алайда осы мақсатты жүзеге асыруға жан салып жүрген Рахмет Өтесінов 1969 жылы көлік апатына ұшырап, арбаға байланады. Бірақ рухы мықты жан денсаулығының нашарлығына қарамастан, бірнеше кітап жазып, еліне қызметін жалғастыра берді. Майталман мұнайшының жетістіктері мен жеңістері, халқына еткен еңбегінде сүйікті зайыбы Сақыштың көп үлесі бар.

Рахмет Өтесінов – «Ожившая река», «Айтылмаған ән», «Алыптың ашылуы», «Даладағы алау», «Песчаная коса», «Пасмурные дни», «Жолдар мен жолдастар», «Соңғы аялдама» кітаптарының авторы. Саналы ғұмырында мұнай саласында қызмет еткен Рахмет Өтесіновтың еңбегі елеусіз қалмады, ол КСРО-ның «Құрмет белгісі» ордені, КСРО-ның «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, «КСРО-ның Құрметті мұнайшысы», «Қазақ КСР-інің Еңбек сіңірген мұнайшысы» құрметті атағын алған. Сондай-ақ «Қазақстан мұнайына сіңірген еңбегі үшін» медалін иеленіп, ҚР жоғарғы мемлекеттік марапаты «Құрмет» орденімен, ҚР «Ерен Еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен наградталған. Жаңаөзен қаласында орталық спорт кешеніне және көшеге Рахмет Өтесіновтың аты беріліп, қаланың ортасындағы алаңға оның мүсіні орнатылды.

42 жыл бойы арбаға таңылған өмірлік жолдасының жанына жара түсірмей, қамқор болған Сақыш ананы нағыз қазақ әйелінің үлгісі деуге болады. Ұл өсіріп, қыз ұзатқан асыл ана – сондай-ақ еңбектен қол үзбеген жан. Балалары Әбдірхан, Қадырхан, қыздары Қазила мен Қализа әкесінің жолымен жүріп, өмірлерін еліміздің мұнай өндірісін дамытуға бағыштады. Тіршіліктің сан тараулы тартыстарында шыдамдылықпен алға жүріп, тағдырына мойынсына білген қайсар жар, аяулы ананың еңбегі еш кеткен жоқ, бүгінде бір әулеттің ақылшысы, тірегі болса, білім саласындағы қызметі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақтың, сондай-ақ бірқатар мемлекеттік марапаттың иегері атанды. Қоғамдық шаралардан тыс қалмай, саясатқа араласып, облыстық, қалалық кеңестердің депутаты болды.

Ұзақбай Қарабалин 1947 жылдың 14 қазанында Атырау облысы Жылыой ауданы Қосшағыл кентінде өмірге келген. Ұзақ жылдар бойы мұнай саласында қызмет еткен. 1970 жылы И. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын, аспирантурасын тәмамдаған. Еңбек жолын 1973 жылы «Қазмұнайгазбарлау» басқармасы Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясының ұңғымалар бұрғылаудың инженер-технологі ретінде бастаған. Жастайынан еңбекке шыңдалған ол қатардағы қызметтерді атқара жүріп, өз білімінің нәтижесінде жоғары лауазымдарға көтерілді. Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мұнай және газ бас басқармасының бастығы, Энергетика және отын ресурстары министрінің, Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ҰМК бірінші вице-президенті, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ президенті, Энергетика және минералды ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті, «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ бас директоры, Қазақ мұнай және газ институтының президенті, мұнай және газ министрі қызметтерін абыроймен атқарған. Ғылым қайраткері, «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық инженерлі академияның академигі, техника ғылымдарының докторы Ұзақбай Сүлейменұлы бірнеше кітаптың, он шақты өнертапқыштық жаңалықтың патенттердің авторы, «Отан», үшінші дәрежелі «Барыс» , «Құрмет» ордендерімен, «ҚР-ның құрметті жер қойнауын барлаушысы» атағымен, сондай-ақ еліміздегі ең мәртебелі марапаттардың бірі – «Еңбек Ерінің» иегері. Ұзақбай Сүлейменұлы – мемлекет және қоғам қайраткері, Атырау облысының Құрметті азаматы. Бұл марапаттардың барлығын Ұзақбай Сүлейменұлы бірден алған жоқ. Ол маман ретінде мұнай-газ инженерлік жұмыстардан бастап, жоғары лауазымдарға жылдар көшінде қол жеткізді.

Сақыш апа анасының неге «Ақсақ кемпір» атанғанын көпке дейін түсінбейтін. Оның сырын апасы Зүбайда ашып берген еді. Тиын ана келін болып түскен жылдары үйлеріне Қызылқоға өңірінің әр ауылынан қонақ көп келетін. Сондай-ақ мешітке Қабдырахманнан білім алуға келетін оқушылар да үйге келіп, дәм татып кететін. Соның бәріне үлгеруге тырысып жанталасып жүрген аяғы ауыр жас келін ат байлайтын желінің қазығына сүрініп, құлап қалады. Жамбастан алған жарақаты сол кезде ет қызуымен білінбегенімен, жылдар өте келе қатты ауыратын. Аяғын қаратайын десе, келін болып, ауылдағы жалғыз емші қайынағасынан ұялады, өз төркініне барып қаралуға жер шалғай. Мұның соңы уақыт өте келе аяғын сылтып басуға әкеп соқтырды. Содан бері Тиын ана ел ішінде «Ақсақ кемпір» атанып кетіпті. Кітаптың атауының себебі де осы. Бүгінде біздің арамызда жүрген абзал жанның өз айтары бар, көрсетер үлгі-өнегесі мол, қандай да бір мақтаулар мен мерейді өсірер марапаттардың қай-қайсысына да лайықты деп есептеймін. Мен жан дүниесін ашуға тырысқан, жүрек сырын білуге ұмтылған Сақыш ана – мақтануды білмейтін, өзі туралы көсіліп көп айта бермейтін, қайсар мінезді, ойындағысын тіке айтқанды құп көретін, білімді ұстаз, білікті маман, мейірімді ана, адал дос, біртуар тұлға.

Айзада АККАЙСИЕВА,
«КазЭнерджи» ассоциациясы энергетикалық әйелдер клубының төрайымы, э.ғ.д., Ұлттық инженерлік Академиясының академигі

КИНОДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІК БІРЛІГІ

Жуырда отандық мультфильм түрік тілінде, түрік жерінде көрсетілді. Түркі әлемінің құндылықтары мен мәдени байлықтарын жалғастыру симпозиумы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Памуккале университеті және Түркі тарихы мен мәдениеті қорының қолдауымен Түркияның Денизли қаласында қазақтың «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін» мультфильмі түрік тілінде көрерменге жол тартты.

Кеште ортақ тарих пен дәстүрді дәріптеу үшін бірлесіп мультфильм түсіру қажеттігі де айтылыпты. Памуккале университетінің проректоры Дурмуш Акалын: «Бүгінгі жаһандану кезеңінде дәстүріміз бен құндылықтарымызды сақтап, ұлықтау маңызды. Әрбіріміз оны отбасынан, білім беру ордаларынан бастауымыз қажет. Жастарға терең білім беріп, маңыздылығын барынша жан-жақты түсіндіргеніміз жөн», – деп ағынан ақтарыла сөйледі.

Сонымен қатар жуырда қазақ фильмі де түркі көрермендерінің ыстық ықыласына ие болды. Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің, Ыстанбұл мен Анталия қалаларындағы бас консулдықтарының ұйымдастыруымен және Qazaqfilm АҚ-ның қолдауымен Түркияда қазақ киносының апталығы өткен еді. Жошы Ұлысының 800 жылдығына және қазақ киносының біртуар азаматы Шәкен Аймановтың 110 жылдығына орайластырылған іс-шарада Түркияның Анталия, Алания, Денизли, Мерсин, Ыстанбұл, Сакария, Измир және Анкара секілді ірі қалаларында қазақ хандығы туралы «Алмас қылыш» тарихи фильмі көрсетілді. Алтын Орда ретінде әлемге әйгілі Жошы Ұлысының геосаяси мұрасы бірқатар еуразиялық мемлекеттің, соның ішінде Қазақ хандығының пайда болуына негіз болғанын көрсететін отандық фильм отандастарымыздың мақтанышы мен түрік көрермендерінің қазақ халқының тарихына деген үлкен қызығушылығын тудырып, қонақтардың оң бағасын алды. Екі бауырлас елдің тарихы мен мәдениетінің ұқсастығын ерекше атап өткен көрермендер мұндай іс-шаралардың маңыздылығына назар аударды.

Өткен айда Анкарада халықаралық Shymkent кинофестивалі өткен болатын. Түркия астанасының бәйтерегі – Атақұледе өткен шараға түбі бір түркі жұртының жас кинематографтары қатысты. Онда Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Қырғызстан елінің туындылары көрсетілді. Халықаралық шарада бірінші орын түркиялық режиссер Сердар Алтунның «Бөбек» фильміне, екінші орын жерлесіміз Мейрамбек Сағыновтың «Айбат» туындысына бұйырды. Үшінші орынды «Ромео» фильмімен қырғызстандық жас режиссер Тыныстан Теміржан иемденді.

Сондай-ақ жақында Измирде өткен «Тұран» халықаралық кинофестивалінде Қазақстан екі бірдей марапатқа ие болды. Түркияның Мәдениет және туризм министрлігі мен Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен өткен фестивальға 77 елден 1 055 өтініш келіп түскен екен. Бір ғана Қазақстанның өзінен 21 фильм бірнеше номинация бойынша бақ сынады. Түбі бір түркі жұртының кинематографиясын халықаралық деңгейге шығару арқылы мәдениетін паш етуді мақсат еткен халықаралық жарыста «Кинематографияға қосқан үлесі үшін» сыйлығы «Қазақфильмге» табыс етілсе, Дильшат Рахматуллиннің «Бесік жыры» туындысы бірінші орынға лайық деп танылды. Бұл да болса қазақ кино өнерінің түркі жұртында аса жоғары деңгейде бағалануы деп түсінеміз.

Иә, қазақ-түрік мәдениетінің байланысы барлық салада көрініс табуда. Бұл үрдіс кино саласында айрықша білініп отыр. Тіпті, екі елдің актерлері бір кинода өнер көрсетіп жатқаны да қуантады. Мәселен, қазақстандық белгілі актер Берік Айтжанов «Османның құрылуы» атты тарихи түрік телесериалында моңғол қолбасшысы Найман рөлінде ойнағанын отандық БАҚ құралдары жарыса жазды. «Османның құрылуы» сериалындағы басты рөлді (Осман бей) түріктің танымал актері Бурак Өзживит сомдаса, телехикаясының 115-бөлімінде оған қалың әскерімен моңғол қолбасшысы Найман келеді. Оның рөлін белгілі қазақ актері Берік Айтжанов сомдайды. Отандасымыздың актерлік рөлін түркі көрермендері де аса жоғары бағалаған. Тіпті, аз күннің ішінде түрік тілін тез меңгеріп, еш қиындықсыз сценарий сөзін сөйлегеніне таңғалысты. Осылайша, түбі түркі халықтарының бірлігі өнерде де, мәдениетте де жарасып келеді.

Анарыс АҚЫЛМАН

СЕМЕЙ КРЕАТИВТІ ЖАСТАРДЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАДЫ

Семейде креативті индустрия паркі ашылды. Аталған алаң өңірдегі шығармашылық саланың дамуына тың серпін бермек. Облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев креативті индустрияны дамыту паркіне барып, шығармашылық өнер адамдарымен жүздесті.

Семей қаласының «Қарағайлы» ықшамауданындағы көпқабатты үйлердің бірінші қабатынан тегін берілген орынның жалпы аумағы – 570 шаршы метр. Бұл аланда облыс тұрғындары мен шығармашылыққа жақын жастар өз жобаларын іске асыруына мүмкіндік бар. Облыстық креативті индустрия паркінің директоры Асхат Бейсембаев парктің әлі де техникалық тұрғыда толықтырылып жатқанын айтты. «Осы жылдың 6 мамыры күні жергілікті дизайнерлердің Show room дизайнерлік – сән студиясының техникалық ашылуы өтті. 13 мамырдан бастап паркте сән салоны жұмысын бастады. Оны жүзеге асырып жатқан белгілі дизайнер, Brilliant шығармашылық мектебінің негізін қалаушы Мәдина Еділбекова. Бұл жоба әртүрлі стильде жұмыс істейтін облысымыздың дизайнерлерінің басын қосатын болады», – дейді ол.

Бүгінде креативті индустрия паркінде жүзеге асып жатқан жобаның бірі – Talqylike жобасы. Жоба қазақ тарихы мен мәдениетін жаңғыртып, ұлттың бай мұрасын болашақ ұрпаққа ұсынады. Мұнда оқырман клубы, жазушылар клубы, қисса-дастандар клубы жұмыс істейді. Семей жастары Talqylike-тың алғашқы басқосуында Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабына талдау жасап, ұлт тарихына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер Өзбекәлі Жәнібектің тұлғалық болмысымен танысыпты.

«11 мамыр күні жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» романына талдау жасалды. Осылайша, шығармашылық салаға қызығушылығы бар кез келген азаматқа мүмкіндік туып отыр. Жастар өзінің креативті жобаларын осы жерде жүзеге асыра алады. Бұдан бөлек, толыққанды дыбыс жазу студиясын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Түрлі медиконтент әзірлейтін подкаст, стэндап жасайтын алаңдарымыз бар. Таяуда «Ойсалар talks» деп аталатын подкасттың түсірілімін өткіздік. Спикерлер мен креативті индустрия өкілдері осы бағытты дамыту бойынша өз тәжірибелерін айтып, идеяларымен бөлісті», – дейді Асхат Бейсембаев.

Одан бөлек, креативті индустрия паркінің басшылығы Семейдегі Әлихан Бөкейхан университетімен бірлесіп, оқу орны базасында технологиялық кластер құруды көздеп отыр. «Бүгінге дейін бірқатар жоба жүзеге асып та үлгерді. Кретивті, талантты жастарымыздың өзін өзі дамытуына, шығармашылық жұмыстарымен айналысуына, жоба әзірлеуіне мүмкіндік беретін ауқымды алаң жасаймыз деген жоспарымыз бар. Бұл біздің парктің негізгі мақсаты», – деп атап өтті креативті индустрия паркінің директоры.

> *Абай облысында отандық дизайн өнерінің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан Мәдина Еділбекова креативті индустрияның келешегі алда деген сенімде. «Осыдан 8 жыл бұрын сіңілім екеуміз өз күшімізбен дизайнерлерге арналған шағын мектеп ашқан болатынбыз. Ол кезде ақшамыз аз, әлі есімде 40 мың теңге көлемінде қаржымыз болғанына қарамастан істі бастап кеттік. Дегенмен «тәуекел түбі – желқайық» дегендей еңбек етсең ұзамай жемісін де көреді екенсің», – дейді бүгінде Brilliant шығармашылық мектебінің негізін қалап отырған кәсіпкер.*

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін елімізде креативті жобаларды жүзеге асыру бойынша арнайы жоба әзірленген болатын. Үкімет 2021-2025 жылдарға арналған креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасын бекітті. Депутаттық корпуспен бірлесіп креативті индустрияны қолдау мәселелері бойынша бірқатар заңға өзгеріс пен түзету жобасы енгізіліп, салықтық жеңілдікте қарастырылды. Мәселен, креативті индустрия саласындағы бизнес бұдан былай КТС, жеке табыс салығы, ҚҚС төлеуден босатылып, бірыңғай салықты ғана төлемек.

Бұл жеке кәсіпкерлер үшін 2%-дан 4%-ға дейін, ЖШС үшін 8%-ға дейін болады. Тек компанияның жылдық айналымы 2,2 миллиард теңгеден аспауы, ал штатта 200 адамнан көп болмауы қажет. Сарапшылар салықты жеңілдету кино және телебағдарламаларды өндіруге, театр және музей өнеріне, сәулет және дизайнға, қолөнер бұйымдарына, халық шығармашылығына және кәдесыйлар өндірісіне әсер етеді деп болжап отыр.

Абай облысында отандық дизайн өнерінің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан Мәдина Еділбекова креативті индустрияның келешегі алда деген сенімде. «Осыдан 8 жыл бұрын сіңілім екеуміз өз күшімізбен дизайнерлерге арналған шағын мектеп ашқан болатынбыз. Ол кезде ақшамыз аз, әлі есімде 40 мың теңге көлемінде қаржымыз болғанына қарамастан істі бастап кеттік. Дегенмен «тәуекел түбі – желқайық» дегендей еңбек етсең ұзамай жемісін де көреді екенсің», – дейді бүгінде Brilliant шығармашылық мектебінің негізін қалап отырған кәсіпкер.

Биыл халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Мәдина Еділбекова «Ару-Ана» үздік әйелдер жобасы байқауында «Креативті индустрия саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды. Ендігі мақсат облыстағы жас дизайнерлерді республика деңгейінде танытып қана қоймай, отандық сән үлгілерін шетелдерге де шығарып, бренд қалыптастыру қажет. «Қазір коллециялық өнімдерімізді әзірлеп жатырмыз, маусым айының соңына қарай үлкен көрсетілім ұйымдастырып, дизайнерлердің конкурсын өткіземіз. Жеңімпаздарға жүлделі сыйлықтар беріледі. Түрлі номианация бойынша жүлде тағайындалады. Одан бөлек, жақында қалалық деңгейде коворкинг орталығын ашпақпыз. Бизнес инкубатор жобасын жетілдіру үшін осындай жан-жақты қамадар жасап жатырмыз. Менің ойымша, жастарымыз бизнеспен айналысып, қаржылық жағынан тәуелсіз болса, мүмкіндіктері ашылса біздің қаламыз да дамиды, көркейеді. Жастардың экономикалық тұрғыда белсенділігін тиімді пайдалана білуіміз керек», – деп ой бөлісті М.Еділбекова.

Шығармашылық саласындағы жастардың пікірін тыңдап, креативті индустрия паркін аралап көрген аймақ басшысы жергілікті атқарушы билік тарапынан барлық қолдаудың болатындығын жеткізді. «Бұл жер облысымыздағы озық ойлы, жаңашыл, креативті азаматтардың басқосатын, ой-пікір алмасып, идеяларын жүзеге асыратын орынға айналуы керек. Біз барлық бастамаға қолдау білдіреміз», – деді облыс әкімі Н.Ұранхаев.

Креативті индустрия паркі өңірдің шығармашылық адамдарын ортақ мақсатқа жұмылдырып, креативті экономиканы дамыту және өңірдегі инновацияларды ынталандыруға, біріктіруге арналған платформаға айналады деп күтіліп отыр.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

ЖАМБЫЛДА ЖАРҚЫН ЖОБА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

Осыдан екі жыл бұрын Жамбыл облысында «Әулиеата жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы іске қосылған болатын. Жаңа жоба жастарды баспанамен қамтуға бағытталды. Бастапқыда бағдарламаның болашағына күмәнмен қарағандар көп болса, бүгінде жоба өз өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Алайда биыл бағдарламаға қаржы қаралмайтыны айтылып, жастардың үміті үзілгендей болған. Бірақ күні кеше ақжолтай хабар жетіп, жобаның бойына қайта қан жүгірді. Биыл үміткерлерді қандай өзгерістер мен талаптар күтіп тұр. Зер салып, зерделеп көрсек...

Екі жылға артқа шегініс жасасақ, 2022 жылы бағдарламаға жергілікті бюджеттен 500 млн теңге бөлініп, 41 жас баспаналы болған. Оның 22-і денсаулық сақтау саласының маманы болса, 12-сі – білім беру, үшеуі – журналистика, екеуі – спорт, тағы екеуі – мәдениет саласының қызметкері.

Осылайша, пилоттық жобаның шарапатын көрген жастар алғысын қарша жаудырды. Сондай-ақ бағдарламаға қатысуға өтініш білдірушілердің де саны еселеп арта түсті. Осыны негізге алған облыстық Жастар саясаты мәселелері басқармасы қаржыландыру көлемін 2 млрд теңгеге арттыруға қол жеткізеді. Оның 1 млрд теңгесі жергілікті бюджет есебінен бөлінсе, 1 млрд теңгені «Отбасы банк» АҚ өз тарапынан қарайды. Осылайша, басқарма мен банк арасындағы мәміле негізінде баспана бақытына кенелу мүмкіндігіне ие болғандардың саны еселеп артып, 677 өтінім қабылданады. Өтінімдер облыс әкімдігінің Цифрлық технологиялар басқармасы тарапынан әзірленген e-jambyl.kz платформасы арқылы қабылданып, комиссия шешіміне сәйкес 226 қатысушыға «Отбасы Банк» АҚ-на жолдама беріледі. Ал 451 өтінім бағдарлама талаптарына сай келмеуіне байланысты қанағаттандырылмайды. Жолдама алған 226 өтінім берушінің 82-і банк іріктеуінен өте алмаса, 144 азамат қоныс тойын тойлайды. Оның 132-і Тараз қаласынан болса, Байзақ ауданынан – 4, Қордайдан – 3, Т.Рысқұловтан – 2, Жамбыл, Талас, Шу аудандарынан бір-бір үміткер баспаналы болады. Осылайша, облыс орталығынан ғана емес, аудандардан да жастар баспаналарында бақыт шамын жағады.

Бұл, әрине жастар үшін үлкен қуаныш болғаны анық. Алайда жыл басында «баянды бағдарламаға енді қаржы қаралмайтын болды» деген мәселе айтылып, жастардың ұнжырғасы түсе бастаған. Кейіннен белгілі болғаны «Отбасы банк» өз тарапынан қарайтын қаржыны бөлуден бас тартып, олар үшін бағдарлама шарттары тиімсіз екенін алға тартқан. Алайда бұл мәселемен облыс әкімі Ербол Қарашөкеев тікелей айналысатынын айтып, жастарды желпінтіп қойған. Міне, осы уәде орындалып, жастар бағдарламаға қатысуға қайта мүмкіндік алып отыр.

– «Әулиеата жастары» тұрғын үй бағдарламасы екі жылда 185 жасты баспанамен қамтыды. Ал «Отбасы банк» биыл бағдарламаға қаржы қарамайды деген мәселе болғаны рас. Алайда біз келіссөздер жүргізу арқылы банктен 1 млрд теңге бөлгізу туралы мәмілеге қол жеткіздік. Жергілікті бюджет тарапынан да биыл 1 млрд теңге бөлінеді. Осы 2 млрд теңгеге биыл 140-тан астам жасты баспанамен қамту көзделуде. Осылайша, бағдарламаның өміршеңдігін күш салу арқылы ұзартып отырмыз.

Биыл «Әулиеата жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасына бірқатар өзгеріс енгізіледі деп жоспарлануда. Атап айтсақ, бағдарламаға денсаулық сақтау, білім, журналистика, мәдениет, спорт және дін салалары қызметкерлерімен қоса, мемлекеттік қызметшілер де қосылуы мүмкін. Сондай-ақ қарыздың ең жоғары сомасы 15 млн теңгеге дейін болады. Бастапқы жарна 10 пайыз болса, пайыздық мөлшерлеме – 6%. Несие беру уақыты – 19 жыл. Сатып алатын тұрғын үйге көппәтерлі де, жер үй де қабылданады, – дейді Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхар.

Бағдарлама қатысушысына қойылатын талаптарға келсек, өтінім беруші Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс. Үміткердің жасы 35-тен аспауы қажет болса, бағдарламаға қатысушы соңғы жұмыс орнындағы лауазымында кемі 6 ай қызмет етуі керек. Бұдан бөлек, өтінім берушінің «Отбасы Банкіндегі» жинақ шотында сатып алатын үйінің 10 пайыздық ақшасы болуы міндетті. Сондай-ақ бойдақ болсын, ерлі-зайыпты болсын бастарында соңғы 5 жылда алған баспанасы немесе тұрғын үйге арналған жер учаскесі болмауы шарт.

Міне, осылайша бағдарламаға жаңа өзгерістер мен талаптар енгізілуде. Алайда бұл баспана алу жолын қиындатып емес, керісінше, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып жатқан қадам. Себебі жоғарыда аталған сала мамандарына арналған бұған дейін мұндай жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламасы болмаған еді. Сондықтан жастар пилоттық жобаға дән риза.

– Жасыратыны жоқ, бұған дейін журналистер ешқандай санатқа жатпағандықтан, тұрғын үй алуда көп қиналатын. Енді, міне бізге «Әулиеата жастары» жобасы үлкен мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Бұл мүмкіндікті мүлт жібермей, былтыр бір бөлмелі үй алып алдым. Алғашқы жарнасын құюға жақындарым көмектессе, кейіннен құжаттарын демде жинадым. Еш қиындықсыз банк іріктеуінен өтіп, бір ай ішінде сатып алатын тұрғын үйімді ұсындым. Аллаға шүкір, қазір өз баспанамдамын, – дейді журналист Жұматай Көксубай.

Жастар арасында биылғы өзгерістерге қуанып отырғандар да аз емес.

– «Әулиеата жастары» жобасын естіп, қызығып жүретінмін. Алайда үміткерлер санатына мемлекеттік қызметшілер кірмейтіндіктен сырттан ғана сүйсініп қоятынмын. Енді, міне биыл бағдарламаға мемлекеттік қызметшілер де кіргелі жатқанын естіп, қатты қуандым. Бұйыртса, құжаттарымды жинап, биыл өтінім беремін деп тас-түйін дайын отырмын. Осындай бағдарламаға жан бітірген облыс әкіміне, Жастар басқармасына айтар алғысым шексіз, – дейді жас маман Едіге Нұрділдә.

Иә, осылайша бағдарлама біреулердің асыл арманын орындап үлгерсе, енді екіншілерге үміт отын жағуда. Ең бастысы, жастар жоба жалғасын тапқанына дән риза. Осындай жастар игілігі үшін қызмет етіп жатқан бағдарламаның өміршеңдігі ұзақ болып, алдағы уақытта мемлекеттік бағдарлама дәрежесіне жетеді деп сенеміз. Сол кезде баспана бақытына кенелетіндердің саны тағы арта түсері анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

«GoldFinMarketМикроқаржы ұйымы» ЖШС
сатып алынбаған кепілдегі мүліктерге: алтыннан жасалған бұйымдар № 1- №96 лот бойынша сауда жариялайды:

Бастапқы бағасы:
1. 585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 20 186 теңге/грамм
2. 585 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар – 22 204 теңге/грамм
3. 585 сынаманың 3 санатындағы бұйымдар – 24 223 теңге/грамм
4. 750сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 25 789 теңге/грамм
5. 750 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар – 28 467 теңге/грамм
6. 500 сынаманың төмен сынама бұйымдар – 17 253 теңге/грамм

Аукцион 15:00-де 27.05.2024 жылы Астана қаласы, Сейфуллин көшесі,14 үй мекенжайы бойынша өтеді.
Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады : Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша голланд әдіспен өтеді.
тел. 8 (717-2) 22-22-25;8 (775) 154- 17- 49

Сонымен қатар сатып алынбаған кепілдегі мүлікке: алтыннан жасалған бұйым № 1 лот бойынша сауда жариялайды:
1. 585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 20 363 теңге/грамм

Аукцион 15:00-де 27.05.2024 жылы Астана қаласы, Сейфуллин көшесі,14 үй мекенжайы бойынша өтеді.
Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады : Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша ағылшын әдіспен өтеді.
тел. 8 (717-2) 22-22-25;8 (775) 154- 17- 49

Кепілдік жарна сомасы ұсынылған сомадан 5% төлем ақысы қабылданады. Аукцион басталатын уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% – 5 жұмыс күн ішінде.
Деректемелер: «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 071140021635,
СТН 581500213269, ЖСК KZ39551X125000008KZT, БСК KSNVKZKA, КБе 15, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Сенімді тұлға: Шакирова Асемгуль Каирбековна.

ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket»
объявляет торги невыкупленного залогового имущества: изделия из золота по лотам с № 1 - №96
Стартовая цена:
1. Категория 1 изделия 585 пробы – 20 186 тенге/грамм
2. Категория 2 изделия 585 пробы – 22 204 тенге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы – 24 223 тенге/грамм
4. Категория 1 изделия 750 пробы – 25 879 тенге/грамм
5. Категория 1 изделия 750 пробы – 28 467 тенге/грамм
6. Низкопробное изделие 500 пробы – 15 359 тенге/грамм

Аукцион состоится 27.05.2024 года в 15:00 по голландскому методу по адресу: г.Астана,ул.Сейфуллина 14.
А так же, объявляет торги невыкупленного залогового имущества: изделия из золота по лоту № 1 .

1. Категория 1 изделия 585 пробы – 20 363 тенге/грамм.

Аукцион состоится 27.05.2024 года в 15:00 по английскому методу по адресу: г.Астана, ул.Сейфуллина 14.
Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Астана, ул.Сейфуллина 14,
тел.8 (717-2) 22-22-25; 8 (775) 154- 17- 49
Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней
Реквизиты: ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket», БИН 071140021635, РНН 581500213269, ИИК KZ39551X-125000008KZT, БИК KSNVKZKA, КБе 15, АО «Банк Фридом Финанс Казахстан»
Доверенное лицо: Шакирова Асемгуль Каирбековна

Алматылық Айбек Серікұлы – шетелдік хит әндердің мақамын домбыра нотасына түсіріп, өзге халықтың таңданысын тудырып жүрген нағыз талант иесі. ТикТок желісінде MUZBANDa никнейімімен ашылған парақшада көбіне Еуропа, ТМД елдеріне тән әндерге түсірілген туторлар жарияланады.

Домбыра ДЕГЕНДЕ ҚАЗАҚ ЕСКЕ ТҮСУІ КЕРЕК

Айбек СЕРІКҰЛЫ, *домбырашы:*

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Айбек Серікұлы қазақ балаларынан бөлек, өзге ұлт өкілдеріне де домбырада еркін ойнауды үйретіп, ұлттық аспаптың қолданылу аясын кеңейтуге шама-шарқы келгенше үлес қосып жүр. Бір қызығы, домбыраның шанағынан күмбірлеген күй ғана емес, жастардың аузынан түспейтін заманауи әндердің ырғағы да төгіледі. Әртүрлі музыкалық шығармалар орындалатын парақшаның MUZBANDa аталуы да сондықтан. Музыка өнері Айбектің бойына атаның қанымен дарыса керек. Айтуынша, бес жасында әкесі ағаштан ойып жасап берген домбыраны қолынан тастамай өскен. Ауылдағы өнер мектебінде шығармашылығын шыңдап, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде музыкалық білімін жетілдіріпті.

«Біз – өнерлі отбасымыз. Марқұм әкем Серік Оралұлы – Мұғалжар ауданында беделді күйші болған кісі. Атам Орал ақын болып, бірнеше рет «халық жауы» атанып, сотталған екен. Ағам Бейбіт Оралұлы – белгілі композитор. Әндерін «Арнау» тобы, Роза Рымбаева, тағы бірқатар әнші сахнада орындап жүр. Ал әпкем – опера әншісі. Күйді шеберлікпен орындауды әкемнен үйрендім. Бірақ маған арнайы уақыт бөліп, қасымда отырып үйретпейтін. Өзі бір-екі рет тартатын да, домбырасын қабырғаға іліп кетіп қалады. Артынша қайталап, талпынып үйреніп алдым», – дейді талантты Айбек.

Білім ордасында жүріп Бақытжан Бакауиевке, Момын Байғанинге шәкірт болған. Момын Байғанин – атақты Нұрпейіс Байғаниннің кіші ұлы. Өнер әлемінде із қалдырған тұлғалардың тәжірибесін бойына сіңірген Айбек Ораловтың шәкірті Димаш Тоқабай Қазақстанның барлық дерлік өңірінде болып, түрлі өнер байқауларынан Гран-при иеленген. Сонымен қатар Түркия, Грузия және Өзбекстан елдерінде өткен фестивальдерден де жүлделі орынмен оралған. Ерекше дарын иесі осындай шәкіртке ұстаздық еткеніне мақтанатынын айтты. Қазір істеп жүрген игі істерінің арқасында домбыраны әлемге танытуды мақсат еткен Айбек:

«Менің арманым – қазақтың қара домбырасын Еуропа, ТМД елдеріне таныту. ТМД құрамында он шақты мемлекет бар, әр елдің өзіне тән хит әні бар. Соларды орындап шығу – қазіргі бірінші кезекте тұрған жоспарым. Желіге жүктеген видеоларыма жазылған пікірдің көбі шетелдіктер тарапынан келген. Аспаптың атын, оны қалай үйренуге болатынын сұрап жатады. Тіпті, АҚШ-тан домбыраның бағасы мен қалай алуға болатынын сұраған оқырман да болды. Қателеспесем, 2015 жылдары орыс балаларына домбыра үйретіп едім, бірақ олар Ресейге қоныс аударып кетті. Өздерімен бірге қазақтың өнерін де алып кетті. Бұл – қазақ домбырасы тағы бір шекара асты деген сөз. Қазір түрлі концерттерге қатысу үшін Украинадан, Германиядан, Ресейден ұсыныстар көп түсіп жатыр. Соңғы Ресейден келген шақыртуларға белгілі себептермен келіспедім», – деді.

Ол көбіне шетелдің әнін домбырада орындауының себебі мақсатына жақындауға бір қадам екенін айтады.

«Егер домбыра арқылы тек күй орындайтын болсам, онда домбыраны әлемге таныту қиынға түсер еді. Өйткені күй қазаққа ғана тән. Ал басқа елдің шығармасын домбыраға түсіру – сол елдің домбыраны қазақтың ұлттық аспабы екеніне көз жеткізуге итермелейді. Болашақта домбыраны қазіргі гитараның деңгейіне шығарғым келеді. Гитараны қазір дүниежүзі біледі, домбыра да солай болса екен деймін. Бүкіл әлем домбыра дегенде Қазақстанды еске түсіргенін қалаймын», – деді домбырашы.

Айбек Серікұлының шығармашылық қоржынында шетелдік хит әндердің нотасынан бөлек, авторлық ән-күйлері, композициялары да бар. Атап айтқанда, «Ағайын», «Бауырым», «Сен», «Ауылым», тағы басқа он шақты әні болса, авторлық күйдің қатарында «Диірмен», «Жабалға», «Ақтабан» сияқты күйлер тұр. Айта кетейік, туындыларының барлығы басынан өткен шынайы оқиғаға негізделген екен.

«Бұрын ауылда нағашы әжем диірмен тартатын еді. Ол кезде үнемі қасында отырып көмектесетінмін. Диірменнің екі ауыр тасы болады емес пе?! Сол тас ақырын айналып, кейін жылдамырақ күйге ауысады ғой, «Диірмен» күйінің де сарыны осындай. Ақырын басталып, кейін жылдам ырғаққа ауысады. Ал «Жабалға» деген күйім ағамның өміріне арналған. Орал атамның інісі Жабал 1939 жылы Кеңес-Фин соғысына кетіп, хабар-ошары үзіліп, із-түзсіз жоғалып кеткен. Бұл күй сол оқиғаны баяндайды», – деп күйлердің шығу тарихын айтып берді.

Домбырашының соңғы уақытта жарыққа шыққан композициялары Spotify, iTunes, Yandex Music қосымшаларында қолжетімді.

Қазіргі жастардың тыңдайтын әні өзгерек. Олардың талғамындағы заманауи әндерді домбыраға түсіріп айту арқылы жастар арасында домбыраны кеңінен насихаттауға мүмкіндік зор болатынын айтқан Айбек бүгінгі домбырашылардың жіберетін қателіктеріне де тоқталды.

«Жастар арасында кең танымалдыққа ие әншілер көп. Солардың әндерін домбыраға салып көру керек. Байқайтыным, жастардың назарын домбыраға аударамын деп кей домбырашылар не болса соны орындап кетеді. Болмайтын дүниені, құлақ құрышын қандырмайтын әндерді орындайды. Мұның өзі – үлкен қателік. Біріншіден, әннің әуені мен домбыра үндестігін анықтау керек. Не болса да шеберлікпен орындаған жөн ғой. Қазір Ақтөбе, Алматы қалаларында шәкірттерім бар. Бәрі шетінен тұнып тұрған дарындар. Оған қоса, шетелдік оқырмандарымның арасынан үйренуге ықыласы барлар ниеттерін білдіріп жазады. Оған уақытымыздың сәйкес келмеуінен сабақ бере алмай жатырмын», – дейді ол.

Домбыраға назары ауған жастарға күйдің де құдіретін еске салып отыру маңызды. Күй – тұнып тұрған философия. Қазақтың күйін тыңдау арқылы кез келген адамның ішкі жан дүниесі рухани байи түседі әрі ұлттық музыкаға деген қызығушылығы арта түсетінін алға тартты домбырашы. Сондай-ақ кез келген ән домбырада орындалғанымен, әуен мен домбыра арасындағы үндестік бірдей бола бермейді екен.

«Қазір джазды, әр елдің халық әндерін, классиканы және заманауи әндерді де тыңдаймын. Жан-жақты болған дұрыс қой. Өйткені бұл – әр заманның, әр жастың әндерін зерттеуге, домбырамен үндестігін сақтауға зор мүмкіндік. Қазіргі заманауи әндердің мелодикасы аз болғандықтан, домбырада әуені толық ашылмайды. Өз тәжірибемде байқағаным, Кеңестік кезеңдегі әуендердің мелодиясы көп, домбыра нотасына керемет түседі. Шәкірттеріме күрделі әндердің нотасын қағазға түсіріп үйреткенді жөн көремін. Мысалы, Моцарттың, Монтидің шығармаларын нотасына қарап-ақ жеңіл үйренуге болады. Ол үшін үйренушінің икемі, ішкі ұмтылысы мен әнді талдау қабілеті болса жеткілікті. Осы тұста айта кетейін, домбыраны үйренуге ниеттілер үшін музыкалық сауаттылық болуы керек деген қатып қалған ереже жоқ. Жастардың домбыраға деген қызығушылығы әлдеқайда артқан, бірақ сапа жағынан ақсап жүрміз», – деді А.Серікұлы.

Ұлттық аспаптың насихатын кеңейту үшін әлеуметтік желіні тиімді пайдалану керегін айтқан Айбек Серікұлы қазір украин қызымен бірлесе ортақ әуен шығарып жатыр. Қазақтың домбырасы мен украинның бандура аспабының қосарланған дауысы екі ұлттың ауызбіршілігін білдіріп тұратындай. Осы сияқты Венгрияның, Американың музыкант-гитаристерімен біріккен жобаларға да дайындық басталып кеткен. Гитарист рок ойнайтын болса, арадағы кідірісте домбырамен күй шертіледі. Одан бөлек, биыл Түркияның Измир қаласында «Измир маршы» шығармасының 100 жылдығына дайындық жүріп жатыр. Талантты домбырашы Айбек те осы мерейтойға қатысып, домбыраның мерейін асқақтатпақ. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Айбек Серікұлы домбыраның құлағында ойнайтын шебер күйші ғана емес, шахмат үйірмесі арқылы балалардың ойлау қабілетін шыңдаумен де шұғылданады.

Талантты домбырашының өмірде де, өнерде де жиған тәжірибесі мол. Ол бүгінгі уақытқа дейін бір сәтке де шығармашылық ізденісін тоқтатқан емес. Қазір батыс әндерінің нотасын қағазға түсіріп жүр. Бұл да жас ұрпақ кәдесіне жарары анық.

«МУЗЕЙ ТҮНІ» АСТАНАЛЫҚТАРДЫ ҚУАНТАДЫ

18 мамырда сағат 18:00-00:00 аралығында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде халықаралық музейлер күніне арналған «Музей түні» акциясы шеңберінде «Музей – құндылықтар мекені» атты мәдени-танымдық іс-шара өтеді.

Іс-шараның мақсаты – рухани-мәдени құндылықтарды, халқымыздың тарихын, мәдениетін бір кеңістікке біріктіре отырып, әртүрлі жанр мен стильдегі өнер туындыларын ұсыну. Музей қызметін, ондағы экспонаттар мен жәдігерлерді кеңінен насихаттау. Бұл күні таңғы сағат 10:00-нан бастап «Балдырған гид» шолу экскурсиялары, Ұлттық музейдің ғылыми жобалар аясында жарық көрген кітаптардың тұсаукесері, картина мен мүсін туындыларына көшірме жасаудан шеберлік сыныбы мен Ұлттық музейдің жобалары аясындағы музейлік сабақтар өтеді.

Сағат 16:00-де Суретшілер одағының мүшесі Рафаэль Слекеновтің «Тәңір нұры» атты жеке көрмесі ашылады. Сағат 18:00-ден бастап музей қонақтарына Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының концерті, қолөнершілер жәрмеңкесі, «Дала кескіндемесі: рәміздер, бояулар, бейнелер» мен «Ерлікке тағзым – елдіктің белгісі» көрмелері, Ұлттық музейдің Консервация және қалпына келтіру қызметінің шеберлік сабақтары, «Музей қорындағы атақты тұлғалар домбырасының үнін жаңғырту» атты лекция-концерт ұсынылады.

Сонымен қатар көрермен үшін театрландырылған экскурсия, «Жұлдызды гид. 10 жұлдыз. 10 жауһар» шоу-жобасы ұйымдастырылады. Аталған мәдени іс-шара Ұлттық музейде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Өткен жылы келушілер саны 48 мыңға жуықтаған. Айта кетейік, «Халықаралық музей күні» мерекесі 1977 жылы халықаралық музейлер кеңесінің бас конференциясында бекітілген. Сол жылы алғашқы «Музей түні» іс-шарасы Берлин қаласында өтті.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛҒАН СУРЕТТЕР КӨРМЕСІ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экологиялық акциясы аясында ChatGPT көмегімен салынған суреттердің фотокөрмесі өтті.

Қаланың болашағы туралы көзқарасты бейнелейтін картиналар «Бәйтерек» монументі айналасында орналасқан. Елордалық жас белсенділер картиналар жасанды интеллект ChatGPT арқылы жасалғанын айтты. Олар жасанды интел-лектіден астаналықтар тарапы-нан ұқыптылық болмаса, қаланың және оның танымал орындарының жағдайы не болатынын көрсетуді сұрады.

«Экоакция барлық қалалар мен ауылдардың тұрғындарына белсенділік танытуға мүмкіндік жасайды. Артқа қарап, қоқысты ғана емес, оны тазарту арқылы біз ертеңгі күнге қамқорлық жасайтынымызды байқаймыз. Ұқыптылық бізден басталады. Табиғат аясында демалғаннан кейін өзіңізбен алып келген заттардан қалған қоқыстарды бірге алып кету керек. Табиғатымызды, сүйікті Қазақстанымызды қорғауымыз керек», – деп атап өтті акция қонағы, Қосшы қаласы мәслихатының депутаты Ирина Осипова. Сондай-ақ қала тұрғындары үшін қоршаған ортаны тазарту үнемі алаңдаушылық туғызатынын атап өтті.

JAS GALA ФЕСТИВАЛІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен қала жастары арасында Jas Gala жастар фестивалі өтті. Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау рәсімі «Алатау» театрында ұйымдастырылды.

Бір айға созылған фестивальда қатысушылар вокал, хореография, мобилография, аспаптық орындау, театр бағыттары бойынша бақ сынаған. Жалпы жобаға 2,5 мыңнан астам студент қатысты.

– Jas Gala фестивалі Алматы қаласында үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Оған қаладағы барлық Жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері қатысты. Нақты айтқанда, 30 ЖОО және 23 колледжден 529 өтінім келіп түсті. Фестивальдың жүлде қоры 7 500 000 теңгені құрады. Фестивальға қатысу үшін алдымен университет және колледж ішінде іріктеу болды. Оның жеңімпаздары қалалық жарысқа қатысты, – деді Алматы студенттер альянсының басшысы Жасұлан Қуандық.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4447
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Наурызбек САРША